

# ЗАН



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-  
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№2 | 2026

ZANMEDIA.KZ

Нұрсұлтан ДОЩАНОВ,  
адвокат, заң ғылымдарының  
магистрі:

**«АДВОКАТТЫҢ  
АБЫРОЙЫ -  
БІЛІМ-  
БІЛІКТІЛІГІНДЕ»**



# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№2 | 2026

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің  
төрағасы - директор  
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**АХПАНОВ А.,**

д.ю.н., профессор

**АЙТХОЖИН К.К.,**

д.ю.н., профессор

**ӘБДІРАСҰЛОВ Е.**

з.ғ.д. профессор

**БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.**

профессор (Қырғызстан)

**МАУЛЕНОВ К.**

д.ю.н., профессор

**СӘБІКЕНОВ С.,**

з.ғ.д. профессор

**ДОСАЛИЕВ Қ.,**

з.ғ.д. профессор

**ШУМИЛОВ В.,**

д.ю.н., профессор,

заведующий кафедрой  
Всероссийской Академии  
внешней торговли

**РЕДАКТОРЫ**

Түймегүл ИБАШЕВА

# МАЗМҰНЫ

НҮРСҰЛТАН ДОЩАНОВ, адвокат, заң ғылымдарының магистрі:

«АДВОКАТТЫҢ АБЫРОЙЫ – БІЛІМ-БІЛІКТІЛІГІНДЕ»

**Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ**

3

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату:

қазіргі жағдайы, мәселелері және даму жолдары

**Ә. ЖҮКЕНОВ**

8

Еңбек адамының мәртебесі ерекше назарда

**А. ТУРМАҒАНБЕТОВА**

14

Правовая защита нематериальных благ личности от харассмента

**Г. НУРАХМЕТОВА,**

**А. ОРАЛБЕКОВА**

16

Экологиялық қылмыстар жазасы қатаң

**А. ҚЫЗЫЛБАЕВА**

18

Специфика заключения договора купли-продажи

**Н. ДЖАКУПОВ**

20

Әкімшілік әділет бойынша енгізілген өзгерістер

**А. АХМЕТОВА**

25

Процессуальные нарушения в уголовном судопроизводстве

**Г. БАБАЖАНОВА**

27

Конституциялық реформалар ашықтықты арттырады

**Н. ТЕМІРБОЛАТ**

29

Кешенді саяси-құқықтық жаңғырудың негізі

**А. ЕСЕКЕЕВА**

31

Қоғамдық жұмысқа тарту жазасы тиімді

**Қ. АЛАШҰЛЫ**

33

Роль следственных судов в уголовном процессе

**А. ИСМАЙЛОВ**

35

Әкімшілік сот: формализмнен құқықты нақты қорғауға дейін

**Н. САУЛЕН**

37

О приостановлении действий выданных лицензий

**М. ДЖУМАЕВА**

39

Алаяқтықпен күрес – ардың ісі

**Р. БИМАҒАНБЕТОВ**

41

Применение денежного взыскания

**Қ. РАХИМБАЙ**

43

Дәлелдемені бағалаудың өзіндік критерийі бар

**Э. САДЫХОВА**

45

Кәсіптік білім – табысты маман

**А. КАДИРОВА**

47

Әлеуметтік педагогтың жұмысы

**Қ. ЖОРАЕВА**

48

Ғұрсұлтан Доқанов еліміздегі жас адвокаттардың бірі. Ол 1992 жылы Жамбыл облысы, Меркі ауданының Мерке ауылында дүниеге келді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің түлегі.

Алғашқы еңбек жолын «Ритейл Групп Казахстан» ЖМС-ға қарасты «Зага» дүкені мен «Мега» сауда орталығында сатушы-консультант және кассир болып бастады. Бұдан кейін ол ҚазҰУ-дың магистратурасында оқып, заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алды.

Магистратурада оқып жүріп Испаниядағы ең көне және беделді мемлекеттік университеттердің бірі Гранада университетінде (Universidad de Granada, UGR) тағылымдамадан өтті. Бұл кезең жас заңгерге құқықтық білімін одан әрі жетілдіріп, озық мемлекеттің құқықтық мәдениетімен танысуына, аналитикалық ойлауын шыңдауына зор мүмкіндік берді.

Ғұрсұлтан Доқановтың кәсіби заңгерлік қызметі коммерциялық сектормен байланысты. Алғашында ол «Ар-Сан Транс» ЖМС-да еңбек етіп, кәсіпкерлік қызметті қолдауда, келісімшарттық және талап қою істерінде мол тәжірибе жинады.

Ізденіс жас өзінің еңбек жолында Алатау ауданы ІІБ тергеу бөлімінде тергеуші қызметін атқарды. 2018 жылы «Сраилов және Серіктестер» заң фирмасында кәсіби дамуын одан әрі жалғастырып, сот өкілдігі мен құқықтық талдау дағдыларына машықтанды.


«Алматыэнергосервис» машина жасау зауытында өзінің білімі мен біліктілігін дәлелдеген Ғұрсұлтан Бауыржанұлы ұйымдастыру-құқықтық бөлімінің басшысы лауазымына жоғарылады. Жауапкершілігі жоғары күрделі өндірістік, корпоративтік және қорғаныс-өнеркәсіптік жобаларға қатысып, тәжірибесін әбден қалыптастырған Ғұрсұлтан Бауыржанұлы өзінің кәсіби жолын адвокатурамен байланыстыруды жөн көрді.

Осы жолда талмай ізденіп, мақсатына жетті. Қазіргі күні Алматы облыстық адвокаттар алқасына қарасты Қарасай ауданында Заң кеңесінің адвокаты.

Еңбегі еленіп, «Қазақстан Республикасының Қорғаныс өнеркәсібін дамытуға қосқан үлесі үшін» ведомстволық медалімен марапатталды.

2025 жылы «Қарасай аудандық заң консультациясының үздік адвокаты» атанды.

Жас та болса өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын білікті адвокат Ғұрсұлтан Бауыржанұлынан алған сұхбатымызды оқырмандар назарына ұсынамыз.



Нұрсұлтан ДОЩАНОВ,

адвокат, заң ғылымдарының магистрі:

# «АДВОКАТТЫҢ АБЫРОЙЫ — БІЛІМ-БІЛІКТІЛІГІНДЕ»

**– Біздің елімізде адвокат болу оңай ма, мұны сұрап отырғаным, қызметінен босаған судья, ішкі істер қызметкерлері, т.б. болсын барлығы адвокатураға келеді. Әлде қызметақы жоғары ма, Сіз мұны немен байланыстырар едіңіз?**

– Адамның құқығын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғап, әділдікті қалпына келтіру оңай емес. Жалпы айтқанда, адвокат жауапкершілігі өте жоғары қызмет. Сондықтан, адвокатураға ең мықты заңгерлер ғана келу керек.

Әлемдегі ең көп жалақы алатын мамандар қатарында адвокаттар да бар. Мысалы, Еуропаның адвокаттары қомақты қаржыға ғана жұмыс істейді. Өйткені, жұмыс өте күрделі. Заңгерлер адвокат болуы үшін арнайы емтиханнан жылдар бойы өте алмауы мүмкін. Емтиханнан сүрінбегеннің өзінде тағылымдамадан өту талабы бар. Қатаң кәсіби ережелерді ұстану, сондай-ақ, біліктілікті арттыру керек.

Адвокатқа қойылар басты талап оның жоғары заңдық білімі болуы міндет. Одан кейін адвокаттар алқасында алты айдан бір жылға дейін тағылымдамадан өтеді. Аттестация тағы бар, осының бәрінен өтіп, өзін-өзі дәлелдеген соң ғана адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алады.

Әр адам кәсібін өзі таңдайды. Халқымызда «елге «не аламын?» деп емес, «не беремін?» деп еңбек ет демей ме? Осы ретте халыққа адал қызмет ету мақсатын алдыңғы орынға қойсақ қана халық сеніміне ие боламыз. Адвокаттардың көп болғаны ешкімге

зиянын тигізбейді. Себебі, адвокаттың көмегі әр адамға күнделікті кез келген мәселеде керек болуы мүмкін. Оның үстіне кадр жетіспеушілігі бар жерде жұмыс сапасының жоғары деңгейге көтерілуі де екіталай.

Қызметақыға келсек, гонорар істің ауқымына байланысты келісіледі. Қалай дегенде де алатын гонорарың көрсетілетін қызметіңе сай болуы тиіс деп ойлаймын.

**– Құпия болмаса Сіздің қызмет-ақыңыз қанша?**

– Өз басым қатып қалған баға ұстамаймын. Адамның қиналып тұрғанын көрсем соның жағдайына қарай бейімделемін. Әр істің өзіндік қиындығы бар. Азаматтар осыны түсінулері керек. Мысалы, сенімхатты нотариуспен немесе сот кабинеті арқылы ақысыз онлайн алуға болады. Нотариусқа кететін төрт-бес мыңды сот кабинеті арқылы үнемдеуге, сондай-ақ, хабарландыруды да сканерлеп жатпай, әлеуметтік желіні пайдаланып жасау мүмкіндігі бар. Әрбір істе осы мүмкіндіктерді пайдаланып, клиенттен көп қаржы шығармауға және уақыттарын үнемдеуге тырысамын. Өйткені, олар адвокатқа проблемамен келеді.

**– Қоғамда «адвокаттар арасында алаяқ көп» деген ұғым бар, бұған көзқарасыңыз?**

– Адвокат қандай жағдайда болмасын адамға құқықтары мен бостандықтарын заң тұрғысынан қорғауға көмек береді. Әр адвокаттың заң көмегін көрсету әдісі әр түрлі. Бұл мәселеде айтатыным, адамдар ақшаны адвокатқа дайындайтын құжаттар үшін емес, нәтиже үшін төледім деп ойлайды.

Шын мәнінде олай емес, адвокат пен заңгерге ақша қағаз жұмыстары үшін төленеді. Өйткені, бір іс бойынша бірнеше құжат дайындап, жинауға тура келеді. Ал бұл қыруар еңбек пен уақытты талап етеді. Бұдан нәтиже құжаттардың дайындалуына байланысты болатынын көруге болады. Осы жағын халыққа түсіндіру жұмыстары бізде ұдайы жүргізілгені жөн.

«Көпке топырақ шашуға болмайды», тек адвокатурада ғана емес, қызметке кір келтіретіндер барлық салада бар. Кейбір әріптестеріміздің өз ісіне деген немқұрайлылығы жалпы адвокаттарға таяқ болып тимеуі тиіс. Арамызда мықты адвокаттар жетерлік.

Әлеуметтік желілерде «банкротствоға көмектесем», «арест шешем» деген сынды жарнамалар көп. Сондайларға тыйым салыну керек. Олардың арасында алаяқтық әрекеттер жиі орын алады. Ақшаны алған соң тиісті көмекті көрсетпеуі мүмкін. Мысалы, екі миллион қарызын жаптырамын деп соларға бес жүз мың беріп алданып қалатындар бар. Сол бес жүз мыңмен аз да болса қарызын жапқаны анағұрлым тиімді дер едім. Кей адамдардың осындай әрекетіне қынжыласың.

**– Алаяқтардан сақтандырудың қандай тиімді жолын айтар едіңіз?**

– Жұртшылық алданбас үшін құқықтық сауат пен мәдениетті көтеретін арнайы теле немесе радио бағдарламалар ұйымдастырудың пайдасы зор. Мәселен, Ресей мен АҚШ-та арнайы теле бағдарламалар бар. Олардың заңдары бізбен ұқсас болмағанымен, барлық ортада ситуациялар ұқсас келеді. Сондай бағдарламаларды көру, тыңдау арқылы адамдар сабақ алады. Яғни, көру, есту арқылы зерделейді.

Қарапайым мысал, тұрмыстық істерде мастер тоңызытқышын дұрыс жөндемей, ақшасын алып кетеді. Осындай жағдайда зардап шегуші не істеуі керек? Қылмыстық, азаматтық, әкімшілік қандай істе болсын заңдық кеңестерді оқиғалар арқылы көрсету, құқықтық сана мен мәдениетті көтеруге тез ықпал етеді. «Бақытты отбасы» деген

қорға барып заңдық тұрғыда кеңес бердім. Сонда зейнеткерлер неше түрлі сұрақтармен келді. Қарапайым тұрмыстық істердің өзінде мәселе көп.

**– Адвокаттан көмек аларда адамдар нені ескеріп, қандай қасиеттеріне қарау керек?**

– Адвокатты білетін адамдар арқылы таңдаған жөн. Себебі, кімнің-кім екені көпшілік арқылы танылады. Мәселен, әлеуметтік желілердегі пікірлерді ескерген артық болмайды. Істе жеңіп беремін дейтұғын адвокаттан аулақ жүрген жақсы. Өз ісін шебер меңгерген маман ешқашан уәде бермейді. Оның үстіне адвокаттың ұтатынына кепілдік беруіне заңмен тыйым салынған.

Мысалы, дәрігерлер хирург, окулист, невропатолог, т.б. болып медицинаның әр бағытында еңбек етсе, адвокаттар да солар сияқты жұмыс істейді. Біреуі корпоративтік дауларда, енді бірі отбасылық, қылмыстық, т.б. Мен қылмыстық істерге қатыспаймын, маған азаматтық істер жақын.

**– «Батырға оң-солы да бірдей» деп, барлық іске араласып ешқайсысын оңдырмай жүрген адвокаттар да жоқ емес қой.**

– Тәжірибеден көріп жүрміз, адвокат көп іс алса үлгермейді, ол мүмкін емес. Халқымызда «аз болса да, саз болсын» деген жұмыстың сапасына байланысты тамаша сөз бар. Ақшаға қызығып ала берудің соңы, сапасыз қызметке соқтырады, соның салдарынан клиенттердің наразылығы туындайды. «Адвокаттың көбі алаяқ» деген пікірлер осыдан шығады. Мен бір күнде екі сот процесіне ғана қатыса аламын. Себебі, әрбір іске өте тиянақты дайындалу керек. Егер адам өз ісін шала істесе, ол тек өзіне ғана емес, басқаларға да зиянын тигізеді.

**– Қалай ойлайсыз, сот процесінің онлайн режимде өткені тиімді ме әлде офлайн ба?**

– Қазақстан қазір онлайн режимге өтіп жатыр, бірақ, офлайн режимнің сапасы анағұрлым жоғары екенін тәжірибе дәлелдеп отыр. Себебі, онлайнда маңызды сәттердің өзін өткізіп алуымыз мүмкін. Байла-



ныс нашар болады. Процессуалдық тұрғыда келеңсіздік орын алады. Кейбір іске қатысушылар осыны қасақана пайдаланып, естімей қалған сияқты кейіп танытады. Кейде интернет ұстамайтынын сылтау етіп өшіре салады. Сот процестерінің офлайн өтуі сотқа деген сенімді нығайтуға ықпал ететіні айдан анық.

Халық арасында электрондық базаға күмәнмен қарайтындар да бар. Мұны айтпағанның өзінде Сот кабинеті сервисі жұмыс істемей қалатын кездер де болады. Мәселен, өткен жылдың құжаттарын қарау қажеттілігі туады, сондай уақытта «ошибка файла» деп тұрады. Менің ойымша, заң, сот салаларын онлайн форматқа көшіру әлі ерте. Негізі сот процестерінің көзбе-көз болуы көптеген кемшіліктің алдын алады.

**– Адвокаттар арасында клиентке талас болмай ма?**

– Көп адам адвокаттарды бір-біріне конкурент деп ойлайды. Шын мәнінде біз бір-бірімізге көмектесіп, бір-бірімізбен тәжірибе алмасып отырамыз. Әр адвокаттың өз несібесі бар, еңбегіне қарай табады. Клиентке талас біз үшін жат ұғым.

**– Не үшін заң саласын таңдадыңыз, басқа мамандық көп емес пе?**

– Ата-анам кішкентайымнан еңбекке баулып, жауапкершілікке үйретті. Бұл қасиеттер менің өмірлік және кәсіби жолымды анықтауыма жағдай жасады. Студенттік жылдары практикалық құқыққа, сот процестеріне және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға деген

қызығушылық қалыптасты. Заң саласын марқұм анамның айтуымен таңдадым. Ол кісі бала кезімнен «балам, прокурор, судья болшы» деген тілегін құлағыма құйып өсірді. Оқушы кезімде «заң саласына барма, заңгер көп, жұмыссыз қаласың, «тас лақтырсаң заңгерге тиеді» дегенді де естідім. Алайда, мектеп бітірген соң әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультетіне келдім. Өкінбеймін, ешқандай қолдаусыз оқуға түстім, талмай ізденіп өзім қалаған адвокатурада еңбек етіп жүрмін.

**– Арманына жету үшін адамға не керек деп ойлайсыз?**

– Алдына айқын мақсат қоя алсаң жетуге болады. Тек ниет болу керек. Ата-анам қиындық көрсетпей өсірді. Университет негізгі білімді берді. Ары қарай ізденіп, мамандықты игеру өзімізге байланысты. Мысалы, оқу бітірген соң құжаттарды қалай дайындау керектігін дұрыс білмедік. Заң компаниясына барып, барлығын практика арқылы үйрендім. Әр құжаттың қалай дайындалатынын тез арада меңгеріп алуға тырыстым.

**– Оқу бітірген жастарға бірден жұмыс табу біздің қоғамдағы үлкен мәселе, жұмысқа тез тұрдыңыз ба?**

– Шынында да бізде дипломды жастың жұмыс табуы оңай емес. Бір жылдай жұмыссыз жүріп қалдым. Алатау аудандық ішкі істер бөліміне тергеуші болып жұмысқа кіріп, үш ай істедім. Бұл жұмыстың менікі емес екенін түсіндім. Содан кейін зауытқа кіріп, заңгердің көмекшісі болдым. Коммерциялық дауларға қызығушылығым артты.

Тағы басқа мекемелерде еңбек еттім. Алайда, олар менің ішкі сұранысымды қанағаттандырмады. Яғни, бұл тәжірибем клиенттерімнің құқығы мен мүддесін қорғауға жетпейтін еді. Сондықтан, адвокат болам деп шештім. Компанияның жұмысы бөлек, халықпен бетпе-бет жұмыс істегім келді. Нәтижесінде адвокатураға құжат тапсырдым. Сынақтардан сүрінбей өтіп, лицензиямды алдым.

**– Лицензия алу қиын болған жоқ па?**

– Бұрын адвокат болу үшін міндетті түрде таныс керек дейтінді еститінмін. Бірақ, өз басым ондайды байқамадым. Жарты жыл тәжірибеден өтіп, тест тапсырдым. Барлық жерге өзім барып, өзім өттім. Ешқандай кедергі болмады. Қаңқу сөздерге сеніп, қорқып жүре беруге болмайды. Талаптанып әрекет ету керек екен.

**– Адвокаттың беделін оның қандай қасиетімен байланыстырасыз, оны айқындайтын нақты бір өлшем-шарт бар ма?**

– Заңгер, заң кеңесшісі болдым. Осы салаға келгенше тәжірибе жинадым. Заңгер ретінде талай сот процестеріне қатыстым. Байқағаным, адвокаттың статусы заңгерге қарағанда жоғары тұрады. Біз сол статустан түспеу үшін абырой-беделімізді кіршіксіз сақтауға міндеттіміз. Оның басты шарты адамгершілік. Өз басым адвокаттың абыройы адамгершілігінде дер едім. Бізге неше түрлі адам келеді. Оның қалтасындағы ақшаға емес, сол сәттегі жағдайына да мән берген дұрыс. Егер қажетті құжаттарды жүз пайыз дұрыс дайындасақ, клиенттің көңілін қанағаттандыратындай сот шешімі шығады. Клиентпен санасу абырой-беделді көтермесе, түсірмейді.

Мен өз қызметімде сенім білдірушілердің құқықтарын кәсіби қорғауға, принциптілікке, заңдылыққа және нақты нәтижеге назар аударамын.

Ақша, абырой, атақ, адамгершілік пен әділдік тартысқа түскен тұста кәсіби келбетті сақтап, адамдықтан ажырамау, түптеп келгенде – үлкен жауапкершілік. Менің ойымша, адамгершілік адвокаттың абыройын көтереді, ал білім-білігі беделін арттырады.

**– Ой-пікір бөліскеніңізге үлкен рақмет.**

**Сұхбаттасқан  
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,  
журналист**

# ШАРТТЫ ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*Қазақстан Республикасында шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты (ШМБ) құқық бұзушыларды түзеуге ынталандыру, түзеу мекемелерінде заңдылық пен тәртіпті сақтау және қылмыстардың қайталануына жол бермеу мақсатын көздейтін негізгі қылмыстық-құқықтық институт болып табылады. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың маңызы сотталған адамның түзелгенін көрсетіп, қылмыстық заңнама талаптарына сай келген жағдайда, белгіленген мерзім аяқталғанға дейін қылмыстық жазаны одан әрі өтеуден мерзімінен бұрын босатудан көрінеді.*



**Әбдірашид ЖҮКЕНОВ,**  
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқасының бұрынғы төрағасы,  
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының зейнеткер судьялары» қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы

Қазіргі таңда Қазақстанда шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты кеңінен қолданылады. Ресми деректерге сәй-

кес, 2024 жылы соттар түрмеде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға қатысты 12 445 өтінішін қараған, оның ішінде 4 642 (37,3%) өтініш қанағаттандырылып, ал 7 803 өтініш қабылданбады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты қылмыстық саясатты ізгілендірудің және сотталғандарды түзелуге ынталандырудың оңтайлы құралы болып саналғанымен, оны тәжірибе барысында қолдануда бірқатар жүйелі мәселелердің бар екені байқалып отыр. Бұл аталмыш институттың тиімділігін кемітіп, алдын алу әлеуетін айтарлықтай төмендетеді.

Қазақстандағы шартты түрде мерзімінен бұрын босату жүйесін дамытуда бетпе-бет келетін негізгі мәселелердің бірі институттың тиімділігін бағалау бойынша қолданбалы криминологиялық зерттеулердің дамымай келе жатқанымен тікелей байланысты. Соның ішінде біздің елімізде келесі мәселелер бойынша кешенді ғылыми зерттеулер жасау маңызды: шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар арасындағы қайта қылмыс жасау деңгейі мен құрылымы; материалдарды дайындау және өтініштерді сотта қарау кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және талдау; шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тиімділігін басқа қылмыстық мекемелермен және балама қылмыстық сот төрелігі шараларымен салыстыру.

Ғылыми негізделген және эмпирикалық тұрғыдан расталған деректердің болмауы қылмыстық сот төрелігі саласында шартты түрде босатуға қатысты саясаттың негізінен интуитивті түрде, дәлелді криминология қағидаттарына сүйенбей қалыптасуына түрткі болуда.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын кеңейтудің бір себебі «түрме тұрғындарын» азайту қажеттілігіне, криминологиялық тәуекелдерді бағалаудан гөрі таза әкімшілік-басқару міндеттерін шешуге баса назар аударумен байланысты болуы бұл жағдайды күрделендіре түседі.

«Сотталған адамның түзелгенін дәлелдеу» ұғымының нақты, заңды түрде дәйек-

телген және ғылыми негізделген анықтама-сының болмауы шын мәнінде үлкен мәселе туындатып отыр. Тәжірибе барысында сотталушының түзелу ниеті негізінен тәртіптік жазалардың болмауы, ынталандыру шараларының болуы, еңбекке араласу және түрме әкімшілігінің оң бағасына ие болу секілді формальды критерийлер бойынша бағаланады. Шын мәнінде бұл критерийлер сотталған адамның заңға бағынушылық мінез-құлқына ішкі мотивациясы; босатылғаннан кейінгі криминогендік тәуекел деңгейі; адамның қылмыстық-атқару жүйесінен тыс әлеуметтік бейімделуге дайындық дәрежесін объективті тұрғыдан бағалауға мүмкіндік бермейді.

Нәтижесінде, шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешімдер көбінесе материалдарды дайындау мен қарауға қатысқан лауазымды тұлғалардың субъективті бағалауларына негізделіп қабылданады. Ал бұл құқық қорғау тәжірибесінің болжамдылығы мен біркелкілігін төмендетеді.

Осы ретте Қазақстанда шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануға азаматтардың шекті жаза мерзімін өтегені мен «сотталған адамның түзелгені» негізгі шарт ретінде қолданылса, дамыған елдердің құқықтық жүйесінде сотталушының қайта қылмыс жасау қаупіне және адамның қоғамға қауіпсіз бейімделу қабілетін бағалауға назар аударылады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудағы ең күрделі мәселе – осы құралды жүзеге асырудың әртүрлі кезеңдерінде туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тікелей байланысты. Әсіресе түзеу мекемелеріндегі мінез-құлық сипаттамалары мен басқа да материалдарды дайындау; сотталған адамның түзелу дәрежесі туралы қорытындылар жасау, шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініштерді сотта қарау кезеңдері ең сындарлы кезең болып табылады.

Осыған байланысты, қылмыстық-атқару жүйесіндегі реформалар барысында шартты түрде мерзімінен бұрын босату саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы

күрес мәселесі басым бағыт ретінде қарастырылуы керек. Шешім қабылдаудың ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ететін тетіктер ескеріліп, соның ішінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату рәсімдерін толық цифрландыру: ынталандырулар мен жазаларды автоматтандырылған түрде тіркеу, сипаттамаларды электронды түрде жасау және өтініштерді қарау мерзімдері мен кезеңдерін ашық бақылау аса өзекті. Пенитенциарлық жүйелері дамыған елдерде мұндай шаралар түрме тұрғындары мен лауазымды тұлғалар арасындағы тікелей байланысты айтарлықтай азайтады, осылайша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініштерді алқабилердің қатысуымен қарау жүйесін енгізу мәселесі кең көлемде талқылануда. Дегенмен бұл бастама қылмыстық іс жүргізу теориясы тұрғысынан да, халықаралық және отандық сот тәжірибесі тұрғысынан да үлкен күмән тудырады.

Түптеп келгенде алқабилердің қатысуымен өтетін сот отырысы тек бір мәселені – сотталушының кінәлі немесе кінәсіз екендігін анықтаумен шектеледі, бұл сот төрелігін жүзеге асыруға халық өкілдерін қатыстырудың бір түрі. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату қылмыстық істің мәні болып табылмайды, керісінше, үкімді орындау элементін және жазаның құқықтық режимін өзгерту нысанын білдіреді.

Әлемдегі ешбір мемлекеттің құқықтық жүйесінде алқабилердің қатысуымен шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелері қаралмайтынын айрықша атап өту маңызды. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелерін сындарлы шешу үшін «жаза мақсаттары», «жазаны даралау», «криминогендік тәуекел» және «әлеуметтік бейімделу» санаттарын кәсіби түсіну, сондай-ақ қылмыстық және қылмыстық заңнаманы терең білу қажет. Алқабилер қоғамдағы қарапайым азаматтар болғандықтан, таразыланып отырған

факторларды жан-жақты бағалауға қажетті құқықтық, криминологиялық және психологиялық құзыреттіліктерге ие емес. Сондықтан әлемдік құқықтық тәжірибеде баламасы жоқ тетікті біздің елімізде енгізуді ұсынған бастама авторларының не мақсатты көздеп отырғаны әлі күнге дейін түсініксіз болып тұр.

Алқабилердің қатысуымен шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелерін қарау туралы бастаманы тәжірибеге енгізу елеулі практикалық қана емес, ұйымдастырушылық қиындықтар тудыратынын сот төрелігін жүзеге асыратын судьялардың өздері де ашық айтып келеді.

Ең бастысы кәсіби сот қауымдастығы да шартты түрде мерзімінен бұрын босату істерін қарауға алқабилерді тарту сот шешімдерінің сапасы мен объективтілігін жақсартпайтынын, керісінше, процесті қиындатып, созбалаңға салатынын дұрыс атап өтіп отыр. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелері өз мәні бойынша жедел және кәсіби шешімді талап етеді, ал істі алқабилердің қатысуымен қарау бірқатар қиындық туындатады. Себебі алқабилерді іріктеу қиын да ұзақ процесс, сондай-ақ оларға құқықтары мен міндеттерін түсіндіру және қосымша ұйымдастырушылық шаралар сот жүктемесін арттырады.

Сонымен қатар, тіпті істі формальды түрде алқабилердің қатысуымен қарағанның өзінде, шешім үшін негізгі заңды жауапкершілік бәрібір кәсіби судьяларға жүктелетіні белгілі. Өйткені олар материалдық және процессуалдық құқықты қолданады, сот актісін тұжырымдап, ол үшін тәртіптік және кәсіби жауаптылық арқалайды. Осы тұрғыдан алғанда шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелеріне алқабилердің қатысуы көбінесе декларативті сипатқа ие болып, оның тәуелсіз құқықтық маңызын төмендетеді.

Алқабилердің жетіспеушілігі де – қазіргі таңдағы өте өзекті мәселе. Сот тәжірибесі көрсеткендей, алқабилер алқасын қалыптастыру қазірдің өзінде оңай емес, қарапайым азаматтар түрлі сылтау айтып

алқаби болудан, сот төрелігіне қатысудан бас тартуда. Соның ішінде азаматтардың басым бөлігі жұмысбасты екенін, әлеуметтік-экономикалық факторларды, құқықтық сауатының төмендігін және сотты жазалаушы орган ретінде қабылдайтынын алға тартады. Соған орай көптеген алқабилер өздерін мемлекеттің репрессивті функциясымен байланыстырғысы келмей, қылмыстық жазалауға қатысты сот істеріне қатысудан саналы түрде бас тартып жатады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату істеріне алқабилерді енгізу мәселені сөзсіз ушықтырады, себебі мұндай істердің қоғамдағы маңызы төмен, көпшіліктің де айтарлықтай қызығушылығын тудырмайды, әрі оны мәні жоғары қылмыстық істерді қараумен салыстыру мүмкін емес.

Қарастырылып отырған бастаманың қаржылық және экономикалық тұрғыдан қамтамасыз етілуі де қосымша сұрақтар туындатады. Кассациялық соттарды құрудағы тәжірибе көрсеткендей, сот жүйесінің құрылымдық реформаларын қолға алу бюджетке айтарлықтай шығын әкеледі. Алқабилердің құзыретін кеңейткен жағдай-

да оларға жалақы төлеу, шығындарды өтеу және ұйымдастырушылық, әкімшілік шығындарды жабу қосымша қаржыны қажет етеді.

Сонымен қатар, жергілікті соттар қазіргі уақытта материалдық, техникалық және кадрлық ресурстар тапшылығымен бетпе-бет келіп отыр. Бұл сот төрелігінің сапасы мен тиімділігіне тікелей әсер етеді. Мұндай жағдайда қолдағы бюджеттік ресурстарды судьялар мен сот қызметкерлерін қаржылық қолдауды арттыруға, олардың жұмыс жүктемесін азайтуға, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға және кәсіби біліктілігін арттыруға бөлу тұжырымдамалық тұрғыдан күмәнді институтты қолдануға қарағанда ұтымды және әлеуметтік тұрғыдан негізді болары ақиқат. Дегенмен сот жүйесіндегі және сот ісін жүргізудегі өзгерістермен байланысты қосымша шығындар мемлекеттік қаржыландыруды арттырмай-ақ, жалпы сот бюджеті есебінен өтеліп жатқанын атап өткен жөн, ал бұл оның негізгі қызметіне қаржылық қолдаудың азаюына әкелері даусыз.

Осы жағдайларды саралай келе Қа-



зақстан Республикасында шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтын одан әрі дамыту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы керек деген ойдамын:

1. Сот қоғамдық комиссияның оң ұсынысы негізінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылдауы тиіс. Комиссия құрамына заңгерлер (зейнеткер судьялар мен прокурорлар, заңгер ғалымдар), психологтар және ұлттық алдын алу механизмінің (Комиссия) өкілдері кіруі тиіс. Комиссияның қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді атқарушы органдар жүзеге асыруы шарт, ал оның мүшелеріне сыйақы төленуі тиіс.

Мұндай қоғамдық комиссияларды құру мен жұмыс істетудің негізгі басымдығы олардың қылмыстық қудалау жүйесінің, пенитенциарлық жүйенің немесе сот билігінің құрамына кірмейтін тәуелсіз, кәсіби және ведомстволық емес орган ретіндегі мәртебесіне байланысты болып отыр. Комиссияның шартты түрде мерзімінен бұрын босату процесіне қатысуы сотталған адамның түзелу дәрежесін, бостандықтағы өмірге психологиялық дайындығын, қылмыстық тәуекел деңгейін және әлеуметтік бейімделу қабілетін объективті және кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелері бойынша шешім қабылдау механизмінде тәуелсіз қоғамдық элементтің болуы қылмыстық жүйенің ведомстволық және корпоративтік мүдделерінің әсерін азайтуға; дайындық кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге; шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтына қоғамның сенімін арттыруға оң ықпалын тигізеді.

2. Комиссияны құрумен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқа да тиімді тетіктерді, соның ішінде ынталандырулар мен жазаларды есепке алудың ашық және толық цифрландырылған жүйесін құруды, сондай-ақ шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелерін қарастырған кезде комиссияға ұсынылатын мінездемелер мен

басқа да құжаттарды қалыптастыруды тәжірибеге енгізу қажет.

3. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолданудан бас тарту туралы жазбаша өтініш білдірген адамдардан бөлек, осы институтты қолдануға заңдық құқығы бар, шекті мерзімін өтеген барлық сотталғандарға қатысты материалдар комиссия қарауына ұсынылуы тиіс.

4. Зиянды толық өтеген және режимді қасақана бұзбағандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды көздейтін ҚК-нің 72-бабы 1-бөлігінің екінші абзацының нормасы жойылуы тиіс не ауырлығы орташа және жеңіл қылмыстар үшін сотталған адамдарға қатысты ғана сақталғаны жөн.

5. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың ынталандыру және алдын алу бойынша рөлін күшейту үшін жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру институтын сақтаудың орындылығын қайта қарау немесе оның қолданылу аясын айтарлықтай шектеу қажет сияқты. Бұл институт өзінің құқықтық сипаты бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатумен теңдей қолданылады. Сондай-ақ бұл сотталған адамның түзелуін және қайта қылмыс жасау қаупін жан-жақты, терең бағалап жатпай-ақ жазаны жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған және жазалары бойынша бас бостандығын шектеумен ауыстырылған адамдар бірдей заңдық мәртебеге ие болып, пробациялық бақылауға алынады. Сондай-ақ жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру институты шартты түрде мерзімінен бұрын босату механизмін қолдану барысында талап етілетін жазаның аз бөлігін өтегеннен кейін қолданылады. Бұдан бөлек, қолданыстағы қылмыстық заңнама шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тікелей тыйым салынған адамдардың жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру механизмін қолдану арқылы айналып өтуіне мүмкіндік береді. Атап айтқанда, бұл сыбайлас жемқорлыққа қатысты ауыр қылмыстары үшін сотталғандарға, яғни заң

шығарушы шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану мүмкіндігін саналы түрде жоққа шығарған адамдарға қатысты қолданылады. Осылайша, сотталғандардың үлкен санатына жазаның өтелмеген бөлігін жеңіл жазамен ауыстыруды қолдану мүмкіндігі іс жүзінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға қатысты заңда белгіленген нормаларды нивелирлейді, қылмыстық-құқықтық реттеудің ішкі логикасын бұзады және ШТМББ институтының профилактикалық, тәрбиелік мәнін жоққа шығарады. Мұндай жағдайларда сотталғандардың құқықтық жағдайын мерзімінен бұрын өзгертудің басым тетігі саналатын шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты неғұрлым күрделі, дараланған және қоғамдық қауіпсіздікті бағалауға, адамның нақты түзелуіне бағдарланған болуға тиіс.

Мұндай жағдайларда жеке тұлғаның нақты түзелгені мен қоғамға қауіпсіз екенін мейлінше күрделі, дара және болжалдап бағалауға бағытталған шартты түрде мерзімінен бұрын босату институты сотталғандардың құқықтық мәртебесін мерзімінен бұрын өзгертудің басты механизмі болуы керек.


6. Қазақстан Республикасында криминология ғылыми мектебінің қылмысты, рецидивизмді және қылмыстық-атқару

мекемелерінің тиімділігін талдауға бағытталған дербес пәнаралық сала ретінде жүйелі түрде қайта жандануын қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату бойынша кешенді криминологиялық зерттеулер жүргізу үшін институционалдық, ұйымдастырушылық және қаржылық жағдайлар жасау аса маңызды, оның ішінде: шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар арасындағы қайта қылмыс жасау деңгейін, құрылымын және динамикасын зерттеу; сотталғандардың криминогендік қаупін және әлеуметтік бейімделу дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген әдістерін әзірлеу және енгізу; шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тиімділігіне әсер ететін факторларды және оны қабылдау себептерін талдау; сондай-ақ қылмыстық және қылмыстық-атқару саясатын түзету үшін дәлелдемелер базасын әзірлеу кезек күттірмейді.

Менің ойымша, бұл шараларды енгізу шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының объективтілігін, ашықтығын және болжамдылығын арттырады, оның алдын алу әлеуетін күшейтеді және отандық сотта қалыптасқан тәжірибені қылмыстық жазаларды орындаудың заманауи халықаралық стандарттарына сәйкестендіреді.

# ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

*ҚР Парламенті Мәжілісінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру, жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші оқылымда қаралды. Аталған заң жобасы депутаттардың бастамасымен әзірленіп, Мәжілістің қарауына 2024 жылғы 6 ақпанда енгізілген. Бірінші оқылымда 2025 жылғы 19 қазанда мақұлданған құжат еңбек қатынастары саласындағы жүйелі проблемаларды шешуге бағытталған кешенді заңнамалық түзетулер топтамасын қамтиды .*



Заң жобасы бойынша баяндама жасаған Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Ерлан Саировтың айтуынша, құжаттың негізгі мақсаты – еңбекті қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын нақты құқықтық тетіктер арқылы қорғау. Осы орайда еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті кеңейтіліп, диеталық және емдік-профилактикалық тамақтануға арналған өнімдерді беру тәртібін бекіту көзделді.

Маңызды нормалардың бірі – ұжымдық шарттарда ең жоғары және ең төменгі жалақы мөлшерлері арасындағы жол берілетін арақатынасты белгілеу. Бұл түзету еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік әділеттілікті арттыруға және жалақы саясатының ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Сонымен қатар, келісу комиссиясының жұмысына делдал тарту мүмкіндігі енгізіліп, еңбек дауларын сотқа жеткізбей шешу тетіктері күшейтілді. Ал азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар арқылы еңбек қатынастарын бүркемелеуге тыйым салу – көлеңкелі жұмыспен қамтуға қарсы бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланып отыр.

Екінші оқылым барысында депутаттар бірқатар маңызды түзетулер енгізді. Атап айтқанда, ұжымдық келісімшарттарға жұмысқа байланысты жазатайым оқиғалар кезінде төленетін жәрдемақылар мен өтемақылар тәртібін бекіту ұсынылды. Сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау маманының ұйымның бірінші басшысына тікелей бағыныштылығы белгіленіп, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жауапкершілігі басшылық деңгейіне жүктелді.

Сонымен қатар заң жобасы аясында «Халық денсаулығы және денсаулық

сақтау жүйесі туралы» кодекске өндірістік жарақаттың ауырлық дәрежесін айқындау қағидаларын бекітуге қатысты өзгерістер енгізіледі. Бұдан бөлек, Үкімет бастама-сымен әлеуметтік қорғау саласындағы лицензиялау, жергілікті өкілді органдардың бірқатар өкілеттіктерін нақтылау және ереуілдер кезінде тоқтатылмайтын өндіріс түрлерін айқындау нормалары ұсынылды.

Әлеуметтік кодекске енгізілген түзетулер де назар аударарлық. Конституциялық Соттың нормативтік қаулысын іске асыру мақсатында жұмыс істемейтін әкенің жас баланы күту уақыты зейнетақы еңбек өтіліне есептелетін болды. Бұл норма әлеуметтік саясаттағы теңгерімді көзқарасты көрсетеді. Қаралу барысында заң жобасы реттейтін мәселелер аясы кеңейгендіктен, оның атауын нақтылау ұсынылды. Нәтижесінде құжат еңбек қауіпсіздігімен қатар, жұмыскерлердің құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін де қамтитын кешенді заң ретінде қалыптасты.

Барлық салалық комитеттер заң жобасы бойынша оң қорытынды берді. Жұмыс тобы 17 отырыс өткізіп, салыстырмалы кестеге енгізілген 59 түзету қабылданды. Осыған байланысты Мәжілістің профильді комитеті заңды қабылдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынды.

Түйіндей айтқанда, бұл заң – еңбек адамының мәртебесін қағаз жүзінде емес, нақты құқықтық механизмдер арқылы көтеруге жасалған талпыныс. Оның тиімділігі қабылданғаннан кейінгі орындалу сапасына тікелей байланысты болмақ. Егер бақылау мен жауапкершілік қатар жүрсе, қауіпсіз еңбек жағдайы Қазақстандағы әлеуметтік әділеттің нақты өлшеміне айналуы әбден мүмкін.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА**

# ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА НЕМАТЕРИАЛЬНЫХ БЛАГ ЛИЧНОСТИ ОТ ХАРАССМЕНТА

*Вопрос защиты нематериальных благ личности от харассмента в последние годы приобретает особую значимость для правовой системы Республики Казахстан. Активное развитие цифровых технологий, трансформация форм социальной коммуникации и расширение виртуального пространства существенно изменили способы взаимодействия между людьми. Наряду с положительными эффектами цифровизации усилились и риски нарушения личных неимущественных прав, прежде всего чести, достоинства и психологического благополучия личности. Харассмент в этих условиях перестаёт быть частным конфликтом и всё чаще выступает как устойчивое противоправное воздействие, требующее системного гражданско-правового реагирования.*

Нематериальные блага в гражданском праве Республики Казахстан признаются самостоятельным объектом правовой охраны. Их защита не обусловлена наличием имущественного ущерба и направлена прежде всего на восстановление нарушенного личного состояния человека. Именно в этом проявляется особая ценность гражданско-правовых механизмов, позволяющих реагировать на случаи харассмента даже тогда, когда действия нарушителя не достигают уровня общественной опасности, необходимого для уголовно-правовой квалификации [1]. Таким образом, гражданское право обеспечивает гибкий и эффективный инструмент защиты личности от психологического давления и унижения.

Цифровизация существенно изменила характер и формы харассмента. Если ранее подобные проявления ограничивались рамками трудового коллектива или личного общения, то сегодня они активно реализуются через социальные сети, мессенджеры, онлайн-форумы и иные цифровые платформы. Особенностью цифрового харассмента является его тиражируемость и публичность. Унижающая информация может сохраняться в сети длительное время, быть доступной неограниченному кругу лиц и неоднократно воспроизводиться, что усиливает глубину морального вреда и осложняет процесс восстановления нарушенных прав [2].

В условиях цифровой среды для потерпевшего стирается граница между частной

и публичной сферой. Даже единичное сообщение или комментарий при определённых условиях может трансформироваться в длительное психологическое давление. Это обстоятельство требует от правоприменителя учёта не только содержания противоправных действий, но и контекста их распространения, охвата аудитории и длительности воздействия. Судебная практика Республики Казахстан постепенно движется в направлении признания таких факторов юридически значимыми при оценке морального вреда.

Особую актуальность проблема защиты личности от харассмента приобретает в контексте курса на цифровизацию и развитие искусственного интеллекта, обозначенного Президентом Республики Казахстан Касым-Жомартом Токаевым в качестве одного из стратегических приоритетов государственного развития [3]. Использование автоматизированных систем, алгоритмов и цифровых сервисов усиливает возможности как для законного взаимодействия, так и для злоупотреблений. При этом применение технологий не изменяет сущности причиняемого вреда, а лишь трансформирует форму его причинения.

Гражданско-правовые способы защиты нематериальных благ в условиях цифровизации сохраняют свою универсальность. К их числу относятся пресечение противоправных действий, удаление унижающей или недостоверной информации, опровержение сведений, а также компенсация морального

вреда [4]. На практике именно компенсация морального вреда приобретает особое значение, поскольку позволяет придать правовую оценку психологическим страданиям, которые ранее нередко оставались за пределами формального правового анализа.

Компенсация морального вреда в делах о харассменте должна учитывать индивидуальные особенности потерпевшего, характер и интенсивность противоправного воздействия, его продолжительность и последствия для социальной и профессиональной жизни. Такой подход соответствует принципам справедливости и соразмерности гражданско-правовой ответственности. Важно отметить, что гражданско-правовая защита в данном случае направлена не только на возмещение вреда, но и на формирование превентивного эффекта, сдерживающего потенциальные нарушения.

Отдельного внимания заслуживает вопрос ответственности за вред, причинённый с использованием цифровых технологий и элементов искусственного интеллекта. В условиях, когда противоправное воздействие может осуществляться с помощью автоматизированных систем, ключевым становится вопрос контроля над источником такого воздействия. Гражданско-правовая ответственность в подобных случаях должна возлагаться на лиц, которые организуют, направляют или контролируют использование соответствующих цифровых инструментов [5]. Такой подход позволяет обеспечить реальную защиту прав потерпевшего и избежать правового вакуума.

Следует подчеркнуть, что возложение ответственности на контролирующих лиц соответствует компенсаторной природе гражданской ответственности и стимулирует развитие механизмов саморегулирования

в цифровой среде. Платформы и сервисы, заинтересованные в снижении правовых рисков, вынуждены внедрять системы модерации, реагирования на жалобы и профилактики противоправного контента. Это, в свою очередь, способствует формированию более безопасного цифрового пространства.

Таким образом, харассмент в условиях цифровизации следует рассматривать как полноценное нарушение личных неимущественных прав человека, требующее активного применения гражданско-правовых механизмов защиты. Последовательное использование таких мер позволяет не только восстановить нарушенные права конкретного потерпевшего, но и сформировать устойчивую правовую позицию о недопустимости любых форм унижения и психологического давления.

Развитие судебной практики и доктринальных подходов в сфере защиты нематериальных благ личности в цифровой среде имеет принципиальное значение для укрепления правовой культуры и доверия к праву. Гражданско-правовая защита в данной сфере выступает важным элементом обеспечения баланса между свободой цифрового общения и уважением к человеческому достоинству, что особенно актуально в условиях построения современного правового государства.

**Г. НУРАХМЕТОВА,**  
**к.ю.н., доцент кафедры**  
**гражданского права,**  
**гражданского процесса и трудового**  
**права юридического факультета**  
**КазНУ имени аль-Фараби**  
**А. ОРАЛБЕКОВА,**  
**магистрант 1 курса**  
**юридического факультета**  
**КазНУ имени аль-Фараби**

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1. Конституция Республики Казахстан. – Принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 г. (с изменениями и дополнениями) // Adilet – нормативно-правовая база. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950000100> (дата обращения: 2026).
2. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть) // Adilet – нормативно-правовая база. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000> (дата обращения: 2026).
3. Послание Президента Республики Казахстан К.-Ж. Токаева народу Казахстана «Экономический курс Справедливого Казахстана» // Официальный сайт Акорды. – URL: <https://www.akorda.kz> (дата обращения: 2026).
4. Нурпеисов Е.К. Личные неимущественные права в гражданском праве Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2018. – С. 112–138.
5. Байдельдинов Д.Л. Защита чести, достоинства и деловой репутации: теория и практика. – Алматы: Норма-К, 2020. – С. 89–117.
6. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан «О применении судами законодательства о компенсации морального вреда». – Пп. 7–11.7. Талапина Э.В. Право и цифровизация: современные вызовы гражданскому праву. – М.: Норма, 2021. – С. 203–245.

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР ЖАЗАСЫ ҚАТАҢ

*Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар Қылмыстық кодекстің 13-тарауымен бекітілген. Осы тараумен суды, атмосфера-ны, теңіз айдынын ластаған-дарға, сондай-ақ, жергі, оның қойнауын бүлдіргендерге, балық қорларын қорғау және пайдала-ну ережелерін бұзғандарға, ор-манды жойып, заңсыз аң аулаған-дарға, т.б. қылмыстық құқық бұзушылықтарға жауапкершілік қарастырылған.*



**Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,**  
Ақтау қалалық сотының төрағасы

Мысалы, өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен реттелетін түрлерінің бөліктерін немесе дериваттарын, сондай-ақ, пайдалануға тыйым салынған өсімдіктер мен жануарлардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз иемденіп, сақтағандар, сонымен қатар, оларды өткізгендер, әкеліп-әкеткендер, тасымалдағандар Қылмыстық кодекстің 339-1-бабының 1) тармағы бойынша жазаланады.

Атап айтсақ, осындай құқық бұзушылықтар жасағандар белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге

айырылады немесе екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл арқалайды, не осы мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады, не екі жылға дейін бас бостандығы шектеледі немесе сол мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Мұны айтып отырғанымыз, экологиялық қылмыстарға байланысты өткен жылы Маңғыстау облысында 10 айыптау үкімімен 11 адам сотталды. Солардың басым көпшілігі заңмен тыйым салынған сирек кездесетін

және құрып кету қаупі бар балық түрлерін аулағандарға қатысты істер.

Мемлекет басшысының Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген бекіре тұқымдас балықтарды аулаудағы браконьерлік оның жойылуына әкеліп соқтыратынын айтуы бекер емес. Өйткені, мұндай құқық бұзушылықтар экологиялық заңнаманы бұзып қана қоймайды, сонымен бірге табиғатты, құнды табиғи нысандарды қорғауға және орнықты құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған «Заң мен Тәртіп» қағидатына қайшы келеді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы міндетін атқарушысының «Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» 24.07.2015 жылғы №190 бұйрығының 25-тармағына сәйкес, Жайық-Каспий балық шаруашылығы бассейнінен жеке және заңды тұлғаларға бекіре тұқымдас балық түрлерін аулауға, бекіре тұқымдас балықтарды және оның дериваттарын(уылдырығын) пайдалануға

тыйым салынған.

Сондықтан, азаматтар осы заңдылықтарды қатаң сақтап, еліміздің «Қызыл кітабына» енген бекіре тұқымдас балықтарды рұқсат етілген арнайы дүкендерден ғана заңды фискалді чекпен сатып алғандары жөн.

Экологиялық, т.б. қылмыстық істерді қарау кезінде соттар экологияны қорғау заңнамасының бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға байланысты мән-жайларды мұқият зерделейді. Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіндегі нақты кемшіліктер мен олқылықтарды, жекелеген лауазымды адамдардың табиғатты қорғау заңнамасын бұзуға мүмкіндік туғызған заңсыз әрекеттері туралы фактілерді анықтап, қажет болған жағдайда нақты қаулылар шығарады.

Заң мен тәртіп бұзушылықтың кез келген түріне мүлде төзбейтін жағдай қалыптастыру біздің басты міндетіміз. Бұл ретте халыққа заң талаптарын түсіндіру, сол арқылы құқықтық мәдениетті көтеруге атсалысудың маңызы зор.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

# СПЕЦИФИКА ЗАКЛЮЧЕНИЯ ДОГОВОРА КУПЛИ-ПРОДАЖИ

*Одним из наиболее распространенных видов сделок, направленных на отчуждение недвижимого имущества, является договор купли-продажи жилого помещения (жилого дома).*

Специфика объекта сделки с жилыми помещениями обуславливает ряд присущих только им особенностей.

В Конституции Республики Казахстан закреплено «Жилище неприкосновенно. Не допускается лишение жилища, иначе как по решению суда» (ст.25). Следует отметить, что Конституция СССР такого положения вообще не содержала.

Любой гражданин, находящийся на территории Республики Казахстан, может осуществлять право пользования жилищем. Гражданское законодательство признает только законное право пользования, предусматривая способы возникновения. К ним относятся: а) договор найма жилища (п.1 ст.601 ГК РК); б) право пользования членов семьи нанимателя, проживающих совместно с нанимателем, или собственником и лиц, совместно проживающих с ним и ведущих общее хозяйство (ст.83 Закона РК от 16.04.1997 г. «О жилищных отношениях», ст.227 ГК РК); в) вселение в жилище нанимателя поднанимателей и временных



**Н.Р. ДЖАКУПОВ,**  
к.ю.н., и.о. доцента  
кафедры гражданского права,  
гражданского процесса и трудового  
права юридического факультета  
КазНУ имени аль-Фараби

жильцов. (ст.84 Закона РК от 16.04.1997 г. «О жилищных отношениях»).

Жилищным законодательством к членам семьи могут быть отнесены нетрудоспособные иждивенцы, если они постоянно проживают с собственником, а в исключительных

случаях и другие лица, если они постоянно проживают с нанимателем или собственником и ведут с ним общее хозяйство (ст.21 ЗРК «О жилищных отношениях»).

В литературе выдвинуты две теории по данному вопросу: семейно-правовая и гражданско-правовая.

Сторонники семейно-правовой теории утверждают, что право пользования жилым помещением возникает в силу семейных отношений между ними и собственником (нанимателем)<sup>1</sup>.

Вместе с тем ряд цивилистов отходят от указанной теории возникновения права пользования жилыми помещениями у членов семьи и предлагают квалифицировать их как гражданско-правовые, беря за основу «вселение нанимателем или собственником в занимаемое им жилище... с письменного согласия совершеннолетних членов семьи, проживающих вместе с ним» (ст.84 ЗРК «О жилищных отношениях»)<sup>2</sup>. При этом, граждане, вселенные нанимателем или собственником, приобретают равное с нанимателем или собственником, а также с членами их семьи право пользования жилыми помещениями.

Думается, что вторая концепция больше соответствует отношениям по возникновению права пользования, так как право пользования по договору найма жилища у нанимателя возникает не только из заключенного с наймодателем договора, но и вселения его в жилое помещение. В судебном порядке аналогично решается вопрос возникновения права пользования жилым помещением у членов семьи нанимателя или собственника и приравненных к ним лицам.

Так, Б. В 1972 году зарегистрировал брак с Б.М. В 1975 году брак был расторгнут, но семья практически не распалась – они

продолжали вести совместное хозяйство, осуществляли заботу друг о друге. В 1986 году Б, была предоставлена однокомнатная квартира, в которую они вселились вместе, произвели ремонт, купили мебель. В июне 1993 года Б. заключил договор о передаче жилья в собственность, так как на момент приватизации брак зарегистрирован не был, Б.М. прописана на спорной жилплощади не была. В феврале 1994 года Б. умер. Его сын стал претендовать на квартиру в которой истица проживала с 1986 года. Истица обратилась с иском в суд о признании за ней права пользования жилым помещением.

Решением Пресненского межмуниципального суда г.Москвы от 31 января 1995 года иск удовлетворен. Суд принял во внимание, что Б.М. вселена в спорную квартиру в 1986 году нанимателем этой квартиры (затем собственником) Б., который имел право произвести такое вселение, соблюдая требования Закона, и проживала там по день смерти Б. в течение 8 лет. По утверждению истицы и многочисленных свидетелей, они жили одной семьей и вели общее хозяйство<sup>3</sup>.

В таких случаях право пользования жилым помещением лицами, не являющимися членами семьи на основаниях Закона (брак, родство), устанавливается в судебном порядке, где решение суда и признает «основанное на законе» право пользования. При этом решая вопрос о признании членом семьи нанимателя или собственника других лиц, суд обязан выяснить характер их отношений с нанимателем, имело ли место ведение общего хозяйства (общие расходы), оказание взаимной помощи, другие обстоятельства, свидетельствующие о наличии семейных отношений<sup>4</sup>.

<sup>1</sup> См.: Толстой Ю.К. Жилищное право М., 1996. С.56; Ерошенко А.А. Жилищные права членов семьи собственника индивидуального строения // Советская юстиция. 1973. №5. С.8; Чиквашвили Ш.Д. Имущественные отношения в семье. М., 1976. С.142.

<sup>2</sup> См.: Вишнявская И.С. Особенности договора найма жилой площади в домах, принадлежащих гражданам на праве личной собственности // Правоведение. 1970. №5, С.96; Дукальский Б.В. О правовом регулировании жилищных отношений между собственником жилого дома и членами его семьи // Вопросы гражданского права и процесса Л., 1969. С.15.

<sup>3</sup> Обзор судебной практики о признании права на жилую площадь // Хозяйство и право. 1996. №5,6.

<sup>4</sup> Постановление Пленума Верховного Суда СССР от 03.04.1987 (в ред. от 30.11.1990) «О практике применения судами жилищного законодательства» // Бюллетень Верховного Суда СССР. 1985. №3. С.6.

Также следует отметить, что фактически долгое отсутствие без уважительных причин (в течение шести месяцев) члена семьи либо лиц, указанных в ч.2 ст.21 Закона РК «О жилищных отношениях» влечет прекращение права пользования жилищем по иску наймодателя или оставшегося проживать в этом помещении нанимателя, либо членов (бывших членов его семьи).

Так, на открытом судебном заседании г.Алматы по иску Иониной Г. о признании Ионина А. утратившим право на жилую площадь, которая мотивировала свои требования тем, что он более шести месяцев без уважительных причин не проживает в квартире, материальной помощи не оказывает, в расходах по содержанию квартиры не участие не принимает. Выслушав стороны, свидетелей, исследовав материалы дела Аксайский судебный участок Ауэзовского районного суда г.Алматы в соответствии со ст.ст.85,87 Закона РК «О жилищных отношениях» и руководствуясь ст.ст.217-221 ГПК РК принял решение: иск Иониной Г. удовлетворить, признать Ионина А. утратившим право на жилую площадь<sup>5</sup>.

Существует также положение, закрепленное в п.3 ст.107 Закона РК «О жилищных отношениях в РК», в соответствии с которым лица, имеющие иное жилище на праве собственности, независимо от местонахождения подлежат выселению без предоставления другого жилища из государственного жилищного фонда.

Так, истец Верховод В. обратился в Ауэзовский районный суд г.Алматы с иском о признании решения Акима Ауэзовского р-на №7/140 от 02 июня 1998 г. и договора приватизации от 28 декабря 1998 г., а также договора купли-продажи от 29 апреля 1999 г. недействительными и выселении из указанной приватизированной жилой площади бывшую супругу Верховод А., ссылаясь на наличие у нее доли жилплощади на праве собственности по договору приватизации №15660 от октября

1992 года по адресу: г.Алматы, ул.Абая, дом 204а, кв.16.

Мотивируя свои исковые требования в суде, истец пояснил, что брак с ответчицей Верховод А. расторгнут в марте 1987г. и после развода они остались проживать по прежнему адресу в д.3 кв.2 по ул.Кисловодская, но при этом вели раздельное домашнее хозяйство.

В 1990 году Верховод А. выбыла на другое постоянное местожительство к своей дочери Фроер А. по адресу: г.Алматы, ул.Абая, д.204а, кв 16, а в 1992 году приватизировала вместе с ней вышеуказанную квартиру.

В соответствии со ст.ст.67,69 п.1, п.3 ст107, ст.79 Закона «О жилищных отношениях в РК», ст.ст.157,159 п.9 ГК РК и руководствуясь ст.ст.217-221 ГПК РК Ауэзовский районный суд решил:

Иск Верховод В. удовлетворить, решение акима Ауэзовского района г.Алматы от 2 июня 1998 г. о закреплении жилой площади по ул.Кисловодская д.3, кв.2 «а» за Верховод А. признать недействительным.

Признать договор приватизации от 28 декабря 1998г. за №681 32 «а» недействительным.

Признать договор купли-продажи от 29 апреля 1999 г. недействительным.

Выселить Верховод А. из занимаемой ею квартиры по адресу: г.Алматы ул.Кисловодская, д.3, кв.2 «а» без предоставления другого жилья.<sup>6</sup>

Продавец обязан передать товар свободным от прав третьих лиц (ст.413 ГК РК), либо предупредить покупателя о правах третьих лиц. Решение данного вопроса не представляет большой сложности, если члены семьи собственника или нанимателя вселены в продаваемое жилое помещение на основаниях, предусмотренных законодательством (брак, родство). Жилищно-эксплуатационные органы обязаны вести учет всех лиц, обладающих правом пользования. Поэтому не случайно при государствен-

<sup>5</sup> Гражданское законодательство РК: статьи, комментарии, практика. Выпуск 10. Алматы 2001. С. 182.

<sup>6</sup> Гражданское законодательство РК: статьи, комментарии, практика. Выпуск 10. Алматы. 2001. С.197.



ной регистрации договоров купли-продажи жилища уполномоченные органы требуют выписку из домовой книги, подтверждающей наличие или отсутствие лиц, имеющих право пользования отчуждаемым жилищем.

Намного сложнее обстоит дело, когда новый собственник жилища, к которому оно перешло, например по наследству, не зная о «фактических супружеских» отношениях наследодателя, производит отчуждение жилища другому лицу. Чаще всего, сведения о таких лицах, которые могут быть признаны членами семьи нанимателя, в домовой книге жилищно-эксплуатационной организации отсутствуют. Лицо, которое совместно проживало и вело общее хозяйство с умершим, имеет право подать исковое заявление о признании права пользования на жилище последнего собственника. Как свидетельствует судебная практика, при наличии достаточных оснований суды удовлетворяют такие иски. В итоге собственник после исполнения договора получает жилище с правами третьих лиц. В ГК РК предусмотрено право покупателя требовать расторжения договора (п.1 ст.413 ГК РК). Но, как правило, жилище в котором он

проживал ранее, им продано, а продавцом его нового жилища реализованы денежные средства. Подобные судебные дела часто стали встречаться в судебной практике. Вследствие этого необходимо внесение в законодательство условий, позволяющих защитить право собственности в случае, когда ни ему, ни продавцу не было известно о притязаниях третьих лиц на спорное имущество.

Следующей особенностью сделок с жилыми помещениями является определение момента, с которого договор считается заключенным. В соответствии с п.1 ст.118 ГК РК договор купли-продажи жилого дома, квартиры, части дома или квартиры и любого другого недвижимого имущества считается заключенным с момента государственной регистрации.

Поскольку в силу п.4 ст.7 Указа Президента, имеющего силу закона, от 25 декабря 1995 года «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним» момент регистрации сделки – это момент внесения записи о сделке в Единый правовой кадастр и присвоение кадастрового номера, то момент достижения

сторонами соглашения в требуемой законом форме и момент его государственной регистрации могут не совпадать. Из этого следует, что закон различает понятия «заключения договора» и «совершение сделки в надлежащей форме».

Под заключением договора купли-продажи жилого дома, квартиры, части дома или квартиры и любого другого недвижимого имущества понимается заключение договора в письменной форме путем составления одного документа, подписанного сторонами (ст.494 ГК РК).<sup>7</sup> По нашему мнению, именно в момент составления договора и подписания его сторонами договор считается заключенным и породившим права и обязанности сторон.

Данный вывод опирается не только на специальные нормы, посвященные отдельным видам договора купли-продажи, в частности и купле-продаже недвижимости, но и на нормы общей части ГК РК. Так, договор считается заключенным, когда между сторонами в требуемой в подлежащих случаях форме, достигнуто соглашение по всем существенным его условиям (п.1 ст.393 ГК РК). Следовательно, для заключения договора необходимо достичь соглашения и надлежаще его оформить. Помимо этого договор купли-продажи недвижимости имеет письменную форму. Сделка в письменной форме должна быть подписана сторонами их представителями, если иное не вытекает из обычаев делового оборота, а двусторонние сделки могут совершаться путем обмена документами, каждый из которых подписывается стороной, от которой он исходит (п.п.2,3 ст.152 ГК РК).

В нашем случае под «заключением договора» понимается «совершение сделки в надлежащей форме».

Возникает вопрос, можно ли регистрацию договора отнести к понятию оформления сделки? По нашему мнению, нельзя.

Тогда само требование регистрации лежит за рамками понятия оформления сделки. Поэтому нормы ст.7 Указа Президента РК, имеющего силу закона от 25.12.1995 г. «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним» не противоречит ГК РК. Так, п.п.3,4 ст.118 ГК РК предусматривают регистрацию прав на недвижимость и сделок с ней, а п.1 ст.118 ГК РК содержит норму, определяющую, что право собственности на недвижимые вещи подлежит государственной регистрации.

ГК РК не определяет момент совершения факта регистрации. В соответствии с п.7 ст.118 ГК РК порядок государственной регистрации и основания отказа в регистрации устанавливаются в соответствии с ГК РК Законом РК о государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним. Момент совершения факта государственной регистрации как сделки, так и права, основанные на ней, определяется Указом Президента РК, имеющего силу закона «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним», следовательно, п.4 ст.7 Указа вполне легитимен и не противоречит ГК РК.

Таким образом, в настоящее время договор купли-продажи жилых помещений и довольно распространенное явление на территории РК. Вследствие «обвальная приватизации» жилья большинство нанимателей стали собственниками квартир, которые могли по своему усмотрению владеть пользоваться и распоряжаться жильем, а также по мере развития рыночных отношений и принятием новых законодательных актов возникла необходимость более точного регламентирования и выделения отдельно вида договора купли-продажи жилых помещений (недвижимости) и научного исследования жилищных отношении применительно к современным рыночным условиям.

<sup>7</sup> Гражданский кодекс РК. Комментарий. Изд. 2-е, испр. И доп., с использованием судебной практики. Отв. ред М.К.Сулейменов, Ю.Г.Басин. Алматы. 2003. С.133.

# ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ БОЙЫНША ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР



**Ардақ АХМЕТОВА,**  
Алматы қалалық мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

*Елазаматтарының конституциялық құқықтарын жоғары деңгейде қамтамасыз етуге әкімшілік әділет институты ерекше орын алады. Аталған институтты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік әділет, норма шығару және заң көмегін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.*

Онда әкімшілік рәсімдердің ашықтығын одан әрі арттыру, сондай-ақ, іс жүргізу кепілдіктерін күшейту мен құқық қолданудың бірыңғай тәжірибесін қалыптастыру көзделген. Себебі, нормативтік құқықтық актілердің біркелкі қолданылуы мен соттардың белсенді ұстанымы халықтың мемлекетке деген сенімін нығайтады.

Заңдағы жаңа нормалар халық үніне құлақ асатын мемлекет құруға айрықша басымдық беруімен ерекшеленеді. Солардың ең бастысы әкімшілік рәсімге қатысушылар енді өз ұстанымдарын әкімшілік орган немесе лауазымды адам шешім қабылдамай тұрып білдіре алады. Бұл норма ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 20-бабымен нақтыланды.

Аталған кодекстің 73-бабы, яғни, тыңдау тәртібіне сәйкес, тыңдау жазбаша және ауызша түрде өткізіледі. Ауызша және жазбаша нұсқа аражігінің ажыратылуы өз кезегінде әкімшілік рәсім қатысушыларының мүмкіндігін молайтады. Ал хаттама ауызша айтылған пікірлер бойынша жүргізіледі.

Тыңдауды ауызша нысанда өткізу үшін әкімшілік рәсімге қатысушы алдын ала шешімді алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей өтінішхат мәлімдеуге құқылы. Ол тиісті түрде хабардар етілген жағдайда, жазбаша немесе ауызша қарсылықтың болмауы қаралатын әкімшілік істің мәні бойынша шешім қабылдауға кедергі келтірмейді. Сонымен қатар, кодексте әкімшілік рәсімдерді есепке алуға айрықша көңіл бөлінген. Яғни, тыңдау хаттамасының ауызша және жазбаша түрде айқындалуы қаралған мәселенің мазмұнына қатысты екіұштылық пен дауларды болдырмайды. Хаттама қатысушыларға өз құқықтарын қорғау қажеттілігі туған жағдайда сотта қорғау кепілдігін арттырады.

Тағы бір өзгерісті әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік іс материалдарымен танысуынан көруге болады. Бұдан әрі нақтыласақ, әкімшілік рәсім қатысушысы әкімшілік іс материалдарымен іс қаралу барысында да, содан кейін де таныса алады. Бұл түзету адамның өз құқықтарын алдын ала әрі тиімді қорғауына жағдай жасайды.

Әкімшілік әділет саласын кеңейтуге және қоғамның әкімшілік рәсімдерге деген сенімін арттыруға оң әсер ететін жаңашылдықтың бірі әкімшілік шешімдерге шағымдану тәртібіне қатысты орын алып отыр. Егер әкімшілік орган немесе лауазымды адам осы кодексте белгіленген уақытта әкімшілік актіні қабылдаса немесе іс-әрекет жасамаса, онда белгіленген мерзім өткен күннен бастап әкімшілік орган не лауазымды тұлға әкімшілік актіні қабылдаудан немесе әкімшілік әрекетті орындаудан бас тартты деп есептеледі. Шағымды сотқа дейінгі әкімшілік тәртіппен қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам жүзеге асырады.

Әкімшілік рәсімдерге қатысушылардың құқықтық мәдениеті мен білім-білігін арттыруға бағытталған өзгерістер қатарында әкімшілік органның әкімшілік актіні қабылдау сатысында құқықтарды қорғау тәртібін түсіндіру міндеті бар. Осы ретте қосымшалар мен басқа да құжаттар әкімшілік актінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Әкімшілік актіде немесе қосымшада шағым берілетін жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам немесе ел заңдарына сәйкес шағымдарды қарауға уәкілеттік берілген өзге де әкімшілік орган, лауазымды адам, сонымен қатар, осындай шағымды беру мерзімі мен осы актіге шағым жасау тәртібі міндетті түрде көрсетіледі. Егер заң талабына орай, шағымдарды қарайтын орган, т.б. болмаса әкімшілік актіде немесе қосымшада осы актіге сотқа дау айту тәртібі мен мерзімі белгіленеді.

ӘРПК-нің 80-бабымен белгіленгендей, Қазақстан заңнамасына сәйкес, шағымдарды қарауға, мұндай шағымды беру мерзіміне, сондай-ақ, әкімшілік актісіне шағымдану

тәртібіне уәкілеттік берілген. Бұл ереженің принципті маңызы бар, өйткені, ол ақпараттың жетіспеушілігінен азамат немесе заңды тұлға өз құқықтарын жедел және тиімді қорғау мүмкіндігінен айырылатын жағдайды жояды. Сот тәжірибесі көрсеткендей, дәл осы апелляциялық процедураны толық емес немесе ресми түрде түсіндіру мерзімдерін өткізіп алуға, соның салдарынан дау туындауына жиі себеп болады.

Осы кодексте белгіленген жағдайларда ақшалай айыппұл салуды сот ӘРПК-нің 127-бабына сай қолданады. Ақшалай өндіріп алуға қатысты өзгерістің бірі сот процесінде тәртіпті қамтамасыз ету мен процеске қатысушылардың құқықтарын қорғау арасындағы ақылға қонымды теңгерімді сақтау. Яғни, төлемді кейінге қалдыру, айыппұл сомасын азайту немесе бөліп төлеу мүмкіндігі қарастырылды. Бұлардың әрбірі істің нақты жағдайларын ескеруде азаматтарға ыңғайлылық тудырады анық.

ӘРПК 26-1-тараумен, оның ішінде 167-1, 167-2, 167-3 баптарымен толықтырылды. Мұндағы маңызды қадам дәлелдеу жүктемесі ережелерін нақтылау болды. Заңға тәуелді актілерге дауласатын жағдай болғанда оның заңдылығын актіні қабылдаған орган дәлелдеуге міндетті. Бұл тәсіл азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда белсенді рөл атқаратын әкімшілік сот төрелігінің қағидатымен үндеседі. Сотқа талап арыз беру мерзімдерінің нақты көрсетілуі процеске қатысушылар арасында құқықтық анықтықпен тәртіпті сақтауға ықпал етеді. Әкімшілік актінің заңдылығын даулау туралы талап талап қоюшыға оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны немесе осы актімен бұзылғаны белгілі болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа беріледі.

Мемлекет басшысы Үкімет пен заң шығарушы, сондай-ақ, әкімшілік органдарға, олардың лауазымды қызметкерлеріне «естітін мемлекетке» айналу қажеттігін айтты. Заңның да басты талабы осы. Халықтың мұң-мұқтажын дер кезінде есту мемлекеттік органдарға үлкен жауапкершілік жүктейді.

# ПРОЦЕССУАЛЬНЫЕ НАРУШЕНИЯ В УГОЛОВНОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ



**Гульмира БАБАЖАНОВА,**  
адвокат юридической консультации  
Карасайского района Алматинской  
областной коллегии адвокатов

*В последние годы уголовное судопроизводство в Республике Казахстан всё чаще сталкивается с одной и той же проблемой — формальным соблюдением закона при фактическом нарушении прав участников процесса. На практике это выражается в затягивании сроков расследования, игнорировании ходатайств стороны защиты, избирательной оценке доказательств и использовании признательных показаний, полученных в условиях давления.*

*Как адвокат, ежедневно участвующий в уголовных процессах, могу утверждать: процессуальные нарушения перестали быть исключением — они приобрели системный характер.*

Одним из самых распространённых нарушений является превышение сроков досудебного расследования. Формально следствие объявляет об окончании расследования, однако фактически:

материалы дела месяцами не направляются прокурору;

обвинительное заключение не утверждается;

лицо продолжает содержаться под стражей без процессуального решения.

В таких ситуациях защита сталкивается с парадоксом: расследование завершено, но правовой определённости нет, а человек фактически находится в состоянии правовой «заморозки».

Закон гарантирует равенство сторон, однако на практике ходатайства защиты:

остаются без мотивированного ответа;

отклоняются шаблонными формулировками;

приобщаются к делу без фактического рассмотрения.

Особенно часто это касается ходатайств:

о назначении дополнительных или повторных экспертиз;

о допросе свидетелей защиты;

о признании доказательств недопустимыми.

Отсутствие реального реагирования на ходатайства подрывает сам принцип состязательности процесса.

В последние годы защита всё чаще сталкивается с ситуациями, когда:

по одному и тому же объекту проводятся несколько экспертиз;

выводы экспертов противоречат друг другу;

при этом обвинение выбирает только «удобное» заключение.

Особую тревогу вызывает практика, когда эксперт прямо указывает на невозможность дать однозначный вывод, но это игнорируется следствием и судом.

Экспертиза должна служить установлению истины, а не подтверждению заранее выбранной версии обвинения.

Несмотря на декларируемые реформы, признательные показания по-прежнему остаются «королём доказательств». При этом:

отказы от показаний нередко объясняются «линией защиты»;

заявления о давлении формально проверяются, но фактически остаются без последствий;

суды зачастую предпочитают первоначальные показания последующим.

Такой подход противоречит как принципам справедливого суда, так и самой идее презумпции невиновности.

Роль адвоката: не формальность, а последний барьер

В этих условиях роль адвоката приобретает ключевое значение. Защита сегодня — это не просто участие в процессуальных действиях, а:

системная фиксация нарушений;

активная позиция в суде;

обжалование бездействия следствия и прокуратуры;

формирование процессуальной истории дела, в том числе для апелляции и кассации.

Важно понимать: каждое неоспоренное нарушение завтра станет «нормой».

Уголовный процесс — это не соревнование статистики и не формальность ради отчётов. Это судьбы людей, их свобода, репутация и будущее.

Пока процессуальные нарушения не будут получать жёсткую и принципиальную оценку со стороны судов, именно адвокат остаётся тем, кто обязан напоминать: закон — это не рекомендация, а обязательство для всех сторон процесса.

# КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР АШЫҚТЫҚТЫ АРТТЫРАДЫ

*Конституциядағы түзетулер мемлекеттік жүйенің тиімділігін күшейтіп қана қоймайды, сонымен бірге жеке тұлғалардың, жария билік институттарының да сапасын арттырады. Түзетулердің жеке блогы бір палаталы Парламенттің – Құрылтайдың қызметіне арналып, онда төрағаны тағайындау, оның депутаттық корпусын қалыптастыру тәртібі, өзге де рәсімдік жағдайлар айқындалған.*



**Нұрайша ТЕМІРБОЛАТ,**  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Заң факультетінде қылмыстық құқық,  
қылмыстық іс жүргізу және  
криминалистика кафедрасының  
аға оқытушысы, з.ғ.к

Осы нұсқамен адам ең жоғары құндылық ретінде бекітілген. «Қазақстан – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, ал ең жоғары құндылықтар – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген норма жеке бас бостандығының кепілдіктерінен бастап ақпаратқа қол жеткізу мен жеке өмірді қорғауға дейінгі ережелерге негіз болады.

Жаңа жобаның үшінші және төртінші баптарында мемлекет қызмет қағидаттары, билік көздері және өкілеттіктерді беру тетіктері арқылы нақты сипатталған. Негізгі құжат жобасы бойынша адамды ұстап, қамауға алу тек қана заң аясында сот бақылауымен және шағымдану құқығымен жүзеге асырылады. Яғни, қамауға тек сот

шешімімен ғана рұқсат етіледі, ал өлім жазасына тыйым салынған.

Аталған жобаның 21-бабында «Жеке өмірге қол сұқпау, жеке және отбасы құпиясының болу құқығына, цифрлық технологияларды қолдануды қоса алғанда, дербес деректерді заңсыз жинаудан, өңдеуден, сақтаудан және пайдаланудан қорғау құқығына заңмен кепілдік беріледі» деп,

жеке өмір мен дербес деректерді қорғау цифрлық технологияларды қолданумен тікелей байланыстырылып отыр. Осы жайттың Конституциямен бекітілуі тың жаңалық саналады. Сондай-ақ, хат-хабар, келіссөздер мен хабарламалардың, дербес деректердің және банк құпиясына қолсұғылмайтынына кепілдік берілген.

Азаматтардың өз құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттарына, шешімдеріне, сондай-ақ, ақпарат көздеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға міндеттелді. Мәселен, өзіне қатысты шешім шығарылған адам оның қандай негізде қабылданғанын білуге құқылы. Бұл өзгеріс ашықтықты арттырумен қатар, азамат пен мемлекет арасындағы сенімнің нығаюына оң әсерін тигізеді.

Адами капиталдың дамуына бағытталған саясатты Конституциямен бекіту еліміздің дамыған мемлекеттер арасында өз орнын алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зияткерлік меншік құқықтарының жоғары деңгейде қорғалуына назар аударылуы халықаралық құқық қолдану тәжірибесін жүзеге асыруда маңызды болады.

Конституция жобасында мемлекеттіліктің іргелі параметрлері – егемендік, тәуелсіздік, аумақтық тұтастық пен басқару нысаны бекітіліп, Президенттің өкілеттік мерзімі жеті жыл болып белгіленген әрі оның бір ретпен шектелетіні және бұл норманың өзгермейтіндігі көрсетілген.

Президентке қойылар талаптар қатарына мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы лауазымдарда кемі бес жыл еңбек еткен жұмыс өтілі болу талабы қосылды. Қазіргі Конституцияда Президент сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өтетіні белгіленсе, жобада бұл күн алынып тасталып, сайлауды президенттік мерзім аяқтал-

ғанға дейін екі ай ішінде өткізу ұсынылған.

Қолданыстағы Конституцияда шетелдік діни ұйымдардың қызметі мен олардың басшыларын тағайындау тәртібі тиісті мемлекеттік органдармен келісілуі тиіс болса, жобада діннің мемлекеттен бөлек екендігі және барлық діни ұйымдардың қызметі заңмен реттелетіні, оның шектелуі мүмкін екені айқындалған.

Осы жобамен елімізде қос немесе көп азаматтыққа тыйым салынған. Басқа елдің азаматтығына ие адам Қазақстан азаматтығынан шығарылады. Сондай-ақ, Қазақстан шетелдегі өз азаматтарын қорғайды. Өз ұлтын көрсету-көрсетпеу құқығы сақталып, партия мен дінге қатысты сілтемелер жобада алынып тасталған.

Бұған қоса Конституция жобасында мына құқықтарды кеңейту, атап айтқанда, әрбір адамның өз құқықтарын барлық заңды құралдармен, соның ішінде өзін-өзі қорғау мүмкіндігі, сонымен қатар, бір қылмысы үшін қосарланған жазадан қорғау, сот үкімі шыққанға дейін кінәсіз болу құқығы және адамды өзіне, жақын туыстарына немесе оларға сенген дін қызметкерлеріне қарсы айғақтар беруге мәжбүрлеуге тыйым салу ұсынылған.

Сотпен қорғалу, заңгер, заң алдындағы теңдік, өмір мен жеке бас бостандығын қорғау құқықтары сақталады. Тағы бір маңызды жаңалық, жобада халықтың мүддесін қорғайтын жоғары кеңесші орган – Қазақстан Халық Кеңесін құру көзделіп, вице-президент лауазымын енгізу қарастырылған, сондай-ақ, Конституциялық Соттың рөлі күшейтілген.

Ата Заңның нормаларын біліп, түсіну азаматтардың құқықтық мәдениетін, азаматтық белсенділігін дамытып, олардың қоғамдық өмірге саналы түрде қатысуына, сонымен бірге биліктің әрекеттерін бақылауына ықпал етеді.

# КЕШЕНДІ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

*Қазақстан Республикасында конституциялық дамудың жаңа кезеңі басталды. Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасын ресми түрде жариялады. Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды жан-жақты талдау, ашық қоғамдық талқылаулар және жаңа құқықтық нормалар мен ережелерді мұқият пысықтау нәтижесінде әзірленген кешенді саяси-құқықтық акт болып табылады.*



**Айнаш ЕСЕКЕЕВА,  
эл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ Заң факультеті  
кеден, қаржы және экологиялық  
құқық кафедрасының  
аға оқытушысы**

Аталған конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі стратегиялық бастамасынан туындады. Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйекте халыққа арнаған жолдауында елдің саяси жүйесін түбегейлі жаңғырту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық

дамуына жаңа серпін беру мақсатында ұсынған болатын.

Осы бастаманы іске асыру мақсатында 2025 жылғы 8 қазанда Парламенттік рефор-

маны жүзеге асыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Жұмыс тобының құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері енді. Сонымен қатар, реформаны талқылау үдерісіне жоғары оқу орындарының ғылыми қауымдастығы да белсенді түрде тартылды. Атап айтқанда, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Заң факультетінің профессор - оқытушылар құрамы жаңа Конституция жобасын талқылап, оның тұжырымдамалық негіздері мен құқықтық салдарларына қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді.

Талқылау үдерісіне еліміздің белсенді азаматтары да кеңінен қатысып, өз ұсыныстары мен пікірлерін e-Otinish және eGov порталдары арқылы жолдады. Осылайша, жаңа конституциялық реформаны ашық әрі кең көлемде талқылау шамамен алты айға созылды. Бұл кезең ішінде жұмыс тобы азаматтардан түскен екі мыңнан астам ұсынысты жинақтап, жүйелеп, жан-жақты талдады.

2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы атқарылған жұмыстың қорытындысын шығарып, алдағы конституциялық өзгерістерге қатысты өз ұстанымын білдірді. Президент бастапқыда Ата Заңның шамамен 40 бабына өзгеріс енгізу көзделгенін атап өтті. Алайда талқылау барысында түзетулердің ауқымы едәуір кеңейіп, саяси және қоғамдық өмірдің көптеген салаларын қамтитыны айқындалды.

Осыған байланысты 2026 жылғы 21 қаңтарда Конституциялық комиссия құрылды. Комиссия құрамына Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі құқықтанушылар, орталық мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралда-

рының басшылары, мәслихат төрағалары, аймақтық қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ сарапшылық және ғылыми қауымдастық өкілдері кірді. Жалпы алғанда, комиссия құрамында 130 адам болып, Қазақстанның барлық әлеуметтік топтары мен өңірлері қамтылды.

Комиссияның барлық отырыстары ашық форматта өткізіліп, оның қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жарияланды. Жұмыс барысында Конституцияның негізгі ережелері қайта қаралып, 77 бапқа қатысты түзетулер талқыланды. Бұл Конституция мәтінінің шамамен 84 пайызын қамтыды. Осылайша, іс жүзінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын әзірлеу мәселесі күн тәртібіне шықты.

Жаңа Ата Заңның тұжырымдамалық өзгерістері мемлекеттің адамға бағдарланған сипатын күшейтуге, қоғамның негізгі құндылықтары мен қағидаттарын бекітуге, сондай-ақ саяси институттардың тиімділігін арттыруға бағытталған. Преамбулада адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің басты басымдығы ретінде жарияланып, бірлік пен ынтымақтастық, егемендік пен тәуелсіздік өзгермейтін құндылықтар ретінде айқындалды.

Сонымен қатар, білім мен ғылымға, мәдениет пен инновацияға басымдық беріліп, цифрлық ортада азаматтардың құқықтарын қорғау жөніндегі нормалар алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілді.

Осылайша, жаңа Конституция жобасы Қазақстанның құқықтық және саяси жүйесін жаңғыртуға, мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға және елдің болашақ дамуына берік құқықтық негіз қалыптастыруға бағытталған маңызды тарихи құжат болып табылады. Соңғы шешім жалпыұлттық референдум арқылы қабылданады.

# ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСҚА ТАРТУ ЖАЗАСЫ ТИІМДІ

*Заң мен тәртіпке бағынған қоғамда тыныштық орнап, қауіпсіздікке қатер төнбейді. Себебі бейбіт елдің болашағы жарқын, дамуы тұрақты. Әлемге осындай қауіпсіз мемлекеттермен байланыс орнатып, инвестицияны дамыған елдерге салуға тырысады. Осыны ескере отырып, Қазақстанда да азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғауға, теңдігін сақтауға, заңдардың мінсіз орындалуына ұдайы басымдық беріліп келеді. Ал құқықтық тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, заң мен тәртіпті орнықтырудың бір тетігі азаматтардың жауаптылығын қалыптастырып, әділ жаза тағайындаумен тікелей байланысты. Міне, осы ретте жаңадан тәжірибеге енгізілген қоғамдық жұмыстарға тарту жазасының маңызы зор.*



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың 10 қаңтарында «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық

туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Қоғамдық жұмысқа тарту – осы өзгерістер қата-

рында Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне енгізілген жаңа әкімшілік жаза түрі. Бұл жаңа институттың артықшылығы көп.

Біріншіден, бұл жаза құқық бұзушыларды жазалаудан гөрі, тәрбиелеуге бағытталған. Құзырлы органдардың өзіне сенім артып, жауаптылықты сезінуіне жағдай жасағанын түсінген азаматтар қиыс жолға түспеуге, теріс әрекеттерден алыс жүруге тырысары күмәнсіз. Екіншіден, бұл жаза құқық бұзушыны еңбекке баулып, қатесін еңбекпен түзеуіне мүмкіндік беруімен құнды. Үшінші басымдығы – қоғамдық жұмыс құқық бұзған азаматтарды жақындарынан алыстамай, қоғамнан оқшауламай өз қателігін түзеуіне жол ашады. Төртіншіден, қоғамдық жұмыс құқық бұзушыны қаржылай қиындықтан қорғайды. Айыппұл немесе әкімшілік қамаумен салыстырғанда азаматтардың жұмыс істеп табыс табуына, оқу оқып, кәсіп меңгеруіне кедергі жоқ. Бесіншіден, қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтар жұмыссыздықтан құтылып, өзіне жаңа орта, жаңа мүмкіндіктер таба алады. Міне, сондықтан да қоғамдық жұмысқа тарту жазасын әкімшілік жазаның ең тиімді, әрі ең ізгі түрі деуге толық негіз бар.

Қоғамдық жұмысқа тарту жазасының мемлекет үшін де тиімділігі баршылық. Оның ең басты аргументі – қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтар қосымша жұмыс күші ретінде мемлекетке экономикалық жағынан пайдалы. Сонымен бірге, жұмыс қолы жетіспейтін салаларға адам тарту мәселесін оңтайлы шешуімен де бағалы. Әрі жұмысқа тартылған азаматтар қайта қылмыс жасап, қоғамға залал келтірмейді деген де сенім бар. Ең бастысы, құқық бұзған азаматтар қоғамдық жұмыс істеу арқылы отбасынан алшақтамайды, жақындарымен сыйластығын сақтайды. Осылайша, қоғамдық жұмыс азаматтың еңбекке деген көзқарасын өзгертеді, өз іс-әрекетінің салдарын түсінуге көмектеседі. Ең негізгі қағида – сот тек құқық бұзушының келісімі болған кезде ғана қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын қолдана алады.

Қоғамдық жұмысқа тартылған азаматтар

көшелер мен саябақтарды тазалау, көгалдандыру, ағаш отырғызу, әлеуметтік нысандарды жөндеу немесе күтіп ұстау, қалалық инфрақұрылымды жақсарту секілді жұмыстарды атқарады.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 49-1-бабына сай, әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар қоғамдық жұмысты өзінің тұрғылықты жерінде атқарады. Бұл қызметті үйлестіру жергілікті атқарушы органдарға жүктелген. Қоғамдық жұмыстың ұзақтығы сағатпен есептеліп, 10 сағаттан 100 сағатқа дейінгі мерзімді құрайды. Сондай-ақ бұл жазаны қолданбаудың негіздері де кодексте толық көрсетілген. Соған сай жүкті, үш жасқа дейінгі жас баласы бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер азаматтар, он сегіз жасқа толмаған адамдар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер мен алпыс үш жастағы және ол жастан асқан ер азаматтар, сондай-ақ әскери қызметшілер мен құқық қорғау органының қызметкерлеріне қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі әкімшілік жаза қолданылмайды.

Жалпы, бұл жазаға жеңіл қарауға, некетті орындауға болмайды. Белгіленген қоғамдық жұмысқа дәлелсіз себептермен келмеген, қоғамдық жұмыстарды орындауға кірісуден бас тартқан, қоғамдық жұмыстарды орындау кезінде тәртіп бұзған адам қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтарған адам деп танылады. Мұндай факт бойынша ақпарат түскен жағдайда, ішкі істер органдары үш жұмыс күні ішінде хабарламаны қарап, ӘҚБтК-де белгіленген тәртіппен шара қабылдайды.

«Заң адам пайдасы үшін жазылады, адам заң үшін тумайды ғой» деген екен алаш арысы Әлихан Бөкейханов. Сол айтпақшы, қоғамдық жұмысқа тарту жазасы да қиыс кеткен адамдарды еңбекпен түзетіп, қатарға қосуда өз тиімділігін көрсетеді деп сенеміз.

**Қайыржан АЛАШҰЛЫ,**  
**Ақтөбе облыстық сотының**  
**судьясы**

# РОЛЬ СЛЕДСТВЕННЫХ СУДОВ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ

*Институт следственных судов внедрен в уголовный процесс с начала 2015 года и к сегодняшнему дню показал свою эффективность. Образование следственных судов обусловлено реализацией 22-го шага Плана нации – 100 конкретных шагов, предусматривающего обеспечение баланса между обвинением и защитой в судах за счет поэтапной передачи следственно-му судье полномочий по санкционированию всех процессуальных действий.*



**Аскар ИСМАЙЛОВ,**  
председатель Специализированного  
следственного суда г. Уральска  
Западно-Казахстанской области

10 января 2018 года Главой государства подписан Указ об образовании специализированных следственных судов во всех областных центрах страны.

В уголовно-процессуальное законодательство внесены соответствующие изменения, и с августа 2018 года в республике начали функционировать специализированные следственные суды, в том числе в Уральске.

В компетенцию следственного судьи входит рассмотрение жалоб на решения и действия (бездействие) лиц, осуществляющих досудебное расследование, прокурора, осуществляющего надзор за законностью оперативно-розыскной деятельности, до-

судебного расследования, санкционирование процессуальных действий, связанных с ограничением конституционных прав человека и гражданина на стадии досудебного расследования, то есть таким образом, осуществление судебного контроля за соблюдением конституционных прав человека и гражданина.

Изменения в любом законе обусловлены веянием времени. Всем известно, что мы

являемся правовым государством, где действует принцип верховенства закона, и для улучшения качества жизни населения необходимо в первую очередь вносить соответствующие изменения в законодательство.

Расскажу про основные изменения в части расширения прав граждан, вовлеченных в уголовный процесс.

С введением в действие нового Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан в 2015 году началась поэтапная передача санкционирования следственных действий в полномочия следственных судей. На сегодняшний день в полномочия судей следственных судов входит санкционирование 18-ти видов следственных и процессуальных действий, рассмотрение жалоб на действия (бездействие) и решения дознавателя, органа дознания, следователя и прокурора, рассмотрение вопроса о реализации вещественных доказательств, по ходатайству стороны защиты истребование и приобщение в уголовное дело любых сведений, документов, предметов, имеющих значение для уголовного дела, а также назначение экспертизы. Все полномочия следственных судей определены в ст. 55 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

Главной задачей, конечно же, является расширение прав граждан, вовлеченных в уголовный процесс и обеспечение баланса между обвинением и защитой, то есть обеспечение исполнения принципа состязательности на стадии досудебного производства.

В Уголовно-процессуальном законодательстве предусмотрены различные способы обжалования. Жалобы на действия или же бездействие сотрудников органов уголовного преследования можно подавать в соответствующие вышестоящие инстанции. Жалобы на действия руководства подается прокурору, а действия последнего можно обжаловать вышестоящему прокурору. Но вместе с тем закон предусмотрел возможность обжалования действий всех этих органов в судебном порядке. То есть граждане имеют право обратиться с жалобой на пря-

мую к следственному судье, минуя все предусмотренные процедуры.

Следственный судья, в свою очередь, в течение 10 суток принимает соответствующее решение по жалобе.

Наглядная статистика работы следственного судьи показывает, что за 12 месяцев 2024 года в производство суда поступило 197 жалоб, из которых 122 возвращены и отозваны по различным причинам. Рассмотрено 75 жалоб, из которых 32 удовлетворены с признанием действий и решения органа незаконным, в удовлетворении остальных 43 жалоб было отказано.

В I квартале 2025 года в производство суда поступило 58 жалоб, из которых 29 возвращены и отозваны по различным причинам. Рассмотрено 29 жалоб, из них удовлетворено 15 жалоб, в удовлетворении отказано 14 жалобам.

Анализ показывает, что большинство отзывать жалоб связаны с устранением нарушений самим органом до принятия соответствующего решения следственным судьей. Хотелось бы отметить, что число удовлетворяемых жалоб имеет динамическую нарастающую тенденцию. Это является одним из свидетельств повышения доверия граждан к следственным судам.

Но в то же время с сожалением можно констатировать множество примеров, когда суду приходится вмешиваться в ход расследования, уголовного дела. Основные нарушения, допускаемые органом уголовного преследования – это затягивание хода расследования того или иного уголовного дела. Следователями оставляются без должного внимания ходатайства сторон, несвоевременно проводятся процессуальные действия, затягивание расследования в течение месяцев. Все эти факты порождают обоснованные жалобы со стороны заинтересованных участников уголовного процесса.

Но с уверенностью можно сказать, что следственные суды повысят гарантии защиты конституционных прав граждан и будут способствовать усилению судебного контроля на досудебной стадии уголовного процесса.

# ӘКІМШІЛІК СОТ: ФОРМАЛИЗМНЕН ҚҰҚЫҚТЫ НАҚТЫ ҚОРҒАУҒА ДЕЙІН

*Жоғарғы Сот қабылдаған «Әкімшілік істер бойынша процестік заңнаманы қолданудың жекелеген мәселелері туралы» нормативтік қаулысы әкімшілік әділеттің мазмұнын жаңа деңгейге көтерді. Құжаттың басты идеясы – әкімшілік сот формальды талаптарды бақылаушы емес, азаматтың құқығын қорғаушы белсенді орган болуы тиіс деген ұстанымды нақтылады. Қаулыда соттың белсенді рөлі айқын көрініс тапқан.*



Судья талап қоюшы мүмкіндіктерінің теңсіздігін жоюға, дәлелдемелерді жинауға, талап қоюдың нақты нысанасын айқындауға ықпал ете алады. Бұл азаматтар пен әкімшілік органдар арасындағы дауларды шешуде әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды кепілі бола алады. Сонымен қатар Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы әкімшілік актінің заңдылығын тексеру кезінде жауапкердің кейіннен жаңа дәлелдемелер (қылмыстық іс бойынша – уәждер) келтіруіне жол бермеу қажеттігін көрсетті. Сот тек даулы әкімшілік актінің өзінде көрсетілген негіздер шеңберінде ғана бағалау жүргізеді.

Алдын ала тыңдаудың рөлі күшейтіліп, істі мүмкіндігінше бір сот отырысында шешу міндеті қойылды. Бұл сот төрелігінің жеделдігі мен қолжетімділігін арттырады. Нормативтік қаулы әкімшілік әділеттің негізгі бағытын формадан мәнге, жасандылықтан (формализмнен) нақты құқық қорғауға көшуді айқындап берді. Жоғарыда айтылған мән-жайларды ескеріп, әкімшілік істерді қарау кезінде соттар төмендегі мәселелерге ерекше назар аударғаны дұрыс деп санаймын.

Бірінші мәселе – соттың белсенді рөліне назар аудару.

Судья талап қоюшының кәсіби және ресурстық әлсіздігін ескере отырып, жасандылыққа жол бермеу және осы кемшіліктерді жоюға көмектесуі тиіс. Дәлелдемелер жеткіліксіз болған жағдайда, судья оларды өз бастамасымен сұратып алуға міндетті.

Екінші мәселе – алдын ала тыңдауды тиімді пайдалану – қажеттілік.

Алдын ала тыңдауды істі мәні бойынша шешуге дайындайтын негізгі саты ретінде қараған дұрыс. Талап қоюдың жарамдылығын, сотқа дейінгі тәртіптің сақталуын, процестік мерзімдерді осы кезеңде анықтап алу маңызды. Дауды бір сот отырысында

шешуге мүмкіндік беретін әрекеттерді ба-рынша жүзеге асыру керек.

Үшінші мәселе – әкімшілік актіні бағалау. Әкімшілік актіні уәкілетті орган қабылдағанын, рәсімдердің сақталғанын дәлелді және теңдікте екенін тексеру керек. Жауапкердің актіде көрсетілмеген жаңа дәлелдемелеріне құқықтық баға беруге болмайды.

Төртінші мәселе – әкімшілік әрекет пен әкімшілік актінің айырмашылығын айыра білу, яғни аражігін ажырату. Әдеттегі әкімшілік әрекет дербес дау нысанасы болмайтынын білу. Алайда ол өзі жеке рәсім болып, құқық бұзуға әкеп соққан жағдайда дербес талап қоюға жол берілетінін назарда ұстау.

Бесінші мәселе – сотқа дейінгі тәртіпті сақтау.

Заңнамада көзделген міндетті деп танылған жағдайда сотқа дейінгі тәртіптің сақталуын қатаң тексеру. Бұл талап алдын ала тыңдауда немесе сот талқылауы барысында анықталса, тиісті процестік салдарды қолдану.

Алтыншы мәселе – процестік мерзімдерді бақылау.

Мерзімді өткізіп алу себептерін нақты анықтау керек. Талап қоюшыға мерзімді қалпына келтіру құқығын түсіндіру, сондай-ақ оны хаттамада жазу.

Жетінші мәселе – әділеттілік пен ақылға қонымдылықты назарда ұстау.

Әкімшілік істерді қарау кезінде жасандылықпен (формальдылықпен шектелмей, әділеттілік, тепе-теңдік және құқықтардың басымдығы мен ақылға қонымды қағидаларын басшылыққа алу маңызды.

**Нұргүл САУЛЕН,  
Жангелдин аудандық  
сотының судьясы  
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ**

# О ПРИОСТАНОВЛЕНИИ ДЕЙСТВИЙ ВЫДАННЫХ ЛИЦЕНЗИЙ

*В силу требований п. 3 ст. 76 Конституции и ст. 21 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан вступившие в законную силу судебные акты обязательны для исполнения всеми государственными органами и их должностными лицами, физическими и юридическими лицами, которых эти судебные акты касаются.*

Согласно п. 1 ст. 39 Закона Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» исполнение по исполнительным документам судебными исполнителями должно быть закончено не более чем в двухмесячный срок со дня возбуждения исполнительного производства, за исключением исполнительных документов о периодических взысканиях, а также кроме случаев, когда законодательными актами установлены иные сроки исполнения.

За неисполнение требований, установленных исполнительным документом, может быть приостановлено право управления транспортным средством.

В силу требований ст. 34 Закона «при не-



**Мэншук ДЖУМАЕВА,  
судья Специализированного межрайонного  
суда по делам несовершеннолетних  
Мангистауской области**

исполнении должником без уважительных причин исполнительного документа:

- 1) о взыскании с физического лица суммы более 250 месячных расчетных показателей;
- 2) о взыскании с юридического лица суммы более 1250 месячных расчетных показателей;

3) неимущественного характера – судебный исполнитель по истечении срока исполнения, предусмотренного ст. 39 настоящего Закона, а по исполнительным документам о взыскании алиментов в случае образования задолженности направляет в суд представление о временном запрещении выдавать должнику лицензии, разрешения и специальные права, а также о приостановлении действия ранее выданных должнику лицензий, разрешений и специальных прав.

Представление рассматривается судом в порядке, установленном гражданским процессуальным законодательством Республики Казахстан.

Копии определения суда, вынесенного по результатам рассмотрения представления судебного исполнителя, направляются должнику и для исполнения в соответствующие уполномоченные органы.

Определение суда, вынесенное по результатам рассмотрения представления судебного исполнителя, направленного в соответствии с настоящей статьей, обязательно к исполнению должником и всеми лицензиарами и иными государственными органами, уполномоченными выдавать разрешения.

Также Законом установлено, что судебный исполнитель не позднее дня, следующего за днем исполнения требований исполнительного документа или возникно-

вения оснований для отмены временного ограничения в сфере выдачи и действия лицензий, разрешений и специальных прав, выносит постановление о снятии данного ограничения. Копии указанного постановления незамедлительно направляются должнику, взыскателю и соответствующим уполномоченным органам для исполнения.

Так, Специализированным межрайонным судом по делам несовершеннолетних Мангистауской области рассмотрено представление частного судебного исполнителя о приостановлении действия сертификата, ранее выданного должнику Н., для осуществления медицинской деятельности, выданный Министерством здравоохранения Республики Казахстан.

Должник Н. надлежащим образом не исполняет решение суда о взыскании задолженности по алиментам в сумме 13 200 000 тенге, суммы неустойки за несвоевременную уплату алиментов в размере 5 237 000 тенге, всего 18 437 000 тенге.

Действуя в интересах несовершеннолетних, суд удовлетворил представление частного судебного исполнителя и приостановил действие сертификата, ранее выданного должнику Н., для осуществления медицинской деятельности, выданный Министерством здравоохранения Республики Казахстан, до погашения задолженности по алиментам в полном объеме.

# АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС — АРДЫҢ ІСІ

*«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартады» дегендей, бүгін алаяқтар жағадан алғанда, банк жүйесіндегі бақылаусыздық сол қылмысқа жол ашып, халықты жағадан ұстап, етектен тартуда. Бірі тонады, бірі тосқауыл бола алмады.*



Егер банк жүйесі өзіне жүктелген аманатты заң талабы мен қоғам талабына қарай адал атқарса, заң талаптары қағаз жүзінде емес, өмірде іс жүзінде орындалса, жауапкершілік есеп үшін емес, ел үшін, ел болашағы мен артта өсіп келе жатқан ұрпақ үшін болса, азаматтың қатысуынсыз, келісімінсіз, еш қолтаңбасыз бірде-бір несие рәсімделмес еді.

Бұл бір адамның жаңылғаны емес. Бұл бір күннің не бір айдың қателігі емес. Бұл жүйеге айналған жауапсыздықтың салда-

ры. Нақты шындықты айтсам, менің жақын туысым алаяқтықтың құрбаны болды. Менің туысымның атына оның еркінен тыс, келісімінсіз бірнеше несие рәсімдеген. Ол адам банкке бас сұқпаған, тіпті ондай банк бар екенін білмейді де, несие алуға ниет те білдірмеген, бірде-бір қағазға қол қоймаған, электронды келісімнің бірін де растаған емес. Түпқараған ауданында ондай банктер жоқ бола тұра, Аташ ауылы тұрғыны бірнеше километр қашықтықтағы Ақтау қаласына жарты сағат ішінде ұшып барып, бірнеше

банктен қалай несие рәсімдейді? Соған қарамастан, оның атына қанша жылдық қарыз ілінді. Бүгінде ол алаяққа алданғанын дәлелдеу үшін туған-туыс, жора-жолдас былай тұрсын, соттың табалдырығын тоздырып, есігін күзетіп әлі жүр.

Бүгінгі қасірет – надандықтан емес, жүйесіздік пен жауапсыздықтан туып отыр. Ешбір келісім бермеген азаматтың атына несие рәсімделді. Ал зардабын кім тартты? Алаяқ емес, жүйе емес, қарапайым халық. Ол жерде сіз бен біз де болуымыз хақ!

Алайда қоғамда әділдікке деген сенім біржола жоғалып кеткен жоқ. Осындай қиын сәтте елге жәрдем қолын созуға даяр жанашыр адал азаматтар бар. Соның бір дәлелі Маңғыстау облысы бойынша «AMANAT» партиясы филиалының төрағасы Қарасаев Нұрбек Қарасайұлы алаяқтықтың алдын алу бағытында халықпен тікелей жұмыс жүргізіп отыр. Партия алаңына жүгінген азаматтардың арыз-шағымдарын қабылдап, оларға құқықтық көмек беріп, түсіндіру жүргізіп, өкілетті органдармен кездесіп, шараларын ұйымдастыруды әлі тоқтатпай жүргізуде.

Мәселе уәкілетті мемлекеттік органдардың назарына ұсынылуда. Бұл қоғаммен байланыс орнатудың нышаны, «халық үніне құлақ асу» қағидатының нақты көрінісі деп білемін.

Мәжіліс депутаты Мұрат Әбеновтің бастамасымен енгізілген заңнамалық өзгерістер үш негізгі міндетті анық көрсетті.

1) Алаяқтық жолмен рәсімделген несие жәбірленушінің мойнында қалмауы тиіс. Егер азамат банкке бармаса, шартқа қол қоймаса, электронды келісім бермесе – ол қарыз үшін жауапты болмауы керек. Бұл – заң талабы!

2) Кінәсіздігін дәлелдеу ауыртпалығы жәбірленушіге емес, банкке жүктеледі. Яғни, банк клиенттің жеке өзі келгенін; оның ерікті түрде келісім бергенін; қауіпсіздік рәсімдерінің толық сақталғанын дәлелдеуге міндетті.

3) Банк өз қауіпсіздік жүйесінің әлсіздігі үшін толық жауап беруі тиіс. Егер жүйе алаяққа жол ашса оның салдарын қарапайым азамат емес, банк көтеруі қажет. Бұл та-

лаптарға Президент қол қойды. Демек, бұл – даулы мәселе емес, мемлекеттік деңгейде бекітілген құқықтық норма. Алайда шынайы жағдай басқа. Қазақта «Айтылған сөз – атылған оқ» дейді, ал бүгін сол атылған оқтың нысанаға жетпей жатқанын көріп отырмыз. Іс жүзінде не болып жатыр?

Банктер жәбірленушіден қайта-қайта сергелдеңге салып дәлел талап етеді; қарызды тоқтатпай, өсім мен айыппұлды қоса мойнына бірнеше есе артып береді; сотқа жүгінуге мәжбүрлеп, жауапкершілікті азаматтың өзіне ысыра салады; заң талабын орындаудың орнына, процесті созбалаңға салады.

Дегенмен, Маңғыстауда алаяқтыққа қарсы әрекет бар: алаяқпен арпалыс – ар ісі. Ел ішінде ар ісі, әділдік үшін күндіз-түні күресіп жүргендерді айту – парыз. Маңғыстау өңірінде алаяқтыққа қарсы күрес сөз жүзінде емес, іс жүзінде де жүріп жатыр. Мәселен, Маңғыстау облысы Полиция департаментінің бастығы, генерал-майор Сағындық Аяғановтың тікелей бақылауымен алаяқтық қылмыстарға қарсы нақты шаралар қолға алынған. Бүгінгі таңда алаяқтық пен жауапсыздықтың түбіне жетем деп Түпқараған ауданының полиция бөлімінің бастығы Бекмурзин Әлібек Абжетұлы да тынымсыз еңбек етіп жүр.

Алаяқтықпен арпалыс жүйкені жейтін, сабырды сарқитын, адамдықты сынға салатын ауыр жол. Сол жолда есеп үшін емес, атақ үшін емес, ақиқат үшін еңбек еткен жан-дар бар. Осындай күрделі істі айлар бойы табандылықпен, заң шеңберінен шықпай, жәбірленушінің үмітін өшірмей алып жүрген тергеуші аға лейтенант Самешов Жасұлан Рашидұлының еңбегін де жоққа шығармауымыз керек.

Қазақта «Еңбегі жанғанның – елге пайдасы тиер» дейді. Бұл бір адамның алғысы емес. Бұл – әділдікке зәру жұрттың ризашылығы. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын...» деген осы. Алаяқтық – ұлттық қасірет болса, онымен күрес – ар ісі. Ал сол ар істің ауыр жүгін үнсіз көтеріп жүрген азаматтар барда, әділеттің шамы толық сөнбейді.

**Рүстем БИМАҒАНБЕТОВ**

# ПРИМЕНЕНИЕ ДЕНЕЖНОГО ВЗЫСКАНИЯ

*В рамках проведения масштабной реформы судебной системы Республики Казахстан с 1 июля 2021 года введен в действие Административный процедурно-процессуальный кодекс. Действие кодекса направлено на регулирование публично-правовых отношений, возникающих между административным органом и лицом, в отношении которого реализуются установленные законом публичные функции этого административного органа.*



**Қанат РАХИМБАЙ,**  
судья Специализированного межрайонного  
административного суда Костанайской  
области

Одним из новшеств законодательства является мера процессуального принуждения в виде денежного взыскания.

Ст. 127 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан предусмотрено, что денежное взыскание налагается на физическое, должностное, юридическое лицо либо его представителя в размере от десяти до 100 МРП.

Основаниями для наложения судом такой меры процессуального принуждения являются злоупотребления процессуальными правами или не выполнение процессуальных обязанностей, в том числе в случаях представления доказательств, исполнения поручений с нарушением установленного судом срока без уважительных причин, если это привело к затягиванию рассмотрения административного дела, причем как со стороны ответчика, так и истца, за каждое действие (бездействие) право суда наложить взыскание в размере 10 МРП.

Денежное взыскание в размере 20 МРП предусмотрено в случаях невыполнения требования, запроса суда, неявку в суд лица, участвующего в административном деле, несвоевременное извещение суда, несвоевременное представление отзыва, неподчинение распоряжениям председа-

тельствующего в судебном заседании, нарушение установленных в суде правил, а также иные действия (бездействия), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье.

Денежное взыскание в размере 50 МРП предусмотрено за неисполнение решения суда, определения суда об утверждении соглашения сторон о примирении, медиации или об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры. При этом суд, разрешая вопрос о наложении денежного взыскания, одновременно предоставляет срок, не превышающий одного месяца, в течение которого судебный акт подлежит исполнению.

Кроме того, законодательно предусмотрено и наложение этой меры повторно. В таких случаях размер денежного взыскания увеличивается на десять МРП.

Лицо, на которое наложено денежное взыскание, вправе обратиться в суд с ходатайством об уменьшении размера денежного взыскания, отсрочке, рассрочке исполнения определения в течение десяти рабочих дней со дня вручения соответствующего определения.

При рассмотрении ходатайства об отсрочке или рассрочке суд вправе отсрочить или рассрочить исполнение определения о наложении денежного взыскания на срок до двух месяцев.

Суд рассматривает и разрешает хода-

тайство об уменьшении размера денежного взыскания, отсрочке, рассрочке исполнения определения в течение десяти рабочих дней со дня поступления ходатайства в суд.

Право суда налагать денежное взыскание при установлении фактов невыполнения процессуальных обязанностей вытекает из принципа самостоятельности и независимости судебной власти и служит одним из проявлений дискреционных полномочий суда, необходимых для осуществления правосудия в контексте административной юстиции.

Касательно статистических данных работы суда в части применения денежного взыскания ситуация выглядит следующим образом:

- в 2021 году вынесено 10 определений о наложении денежных взысканий на сумму 352 957 тенге;

- в 2022 году вынесено 10 определений на сумму 888 270 тенге;

- в 2023 году вынесено 19 определений на сумму 1 759 500 тенге;

- в 2024 году вынесено 22 определения о наложении денежных взысканий на сумму 2 030 500 тенге;

- в 2025 году вынесено 20 определений о наложении денежных взысканий на сумму 1 730 080 тенге.

Статистика показывает ежегодное увеличение применения судами наложения денежного взыскания.

# ДӘЛЕЛДЕМЕНІ БАҒАЛАУДЫҢ ӨЗІНДІК КРИТЕРИЙІ БАР

*Қылмыстық сот ісінде дәлелдеменің рөлі зор. Қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодексте көрсетілгендей, дәлелдемелергі бағалаудың өзіндік тәртібі бар. Дәлелдемелергі бағалау ең алдымен ішкі сенімге негізделеді. Бұл жерде назарға ұстайтын бір жайт – ешқандай дәлелдеме алдын ала бекітілген күшке ие болмайды.*



Сот, прокурор, тергеуші әрбір дәлелдемені заңдылығы, қатыстылығы, жол берілетіндігі және шынайылығы тұрғысынан

бағалайды. Түптеп келгенде, әрбір дәлелдеме қылмыстық істі шешуге жеткіліктілігі тұрғысынан еркін бағалануы шарт.

Дәлелдемелерді бағалаудың өзіндік критерийлері де айқындалған. Соған сәйкес дәлелдемелер ең алдымен қылмыстық іске қатыстылығына орай сарапталады. Сонымен бірге әрбір дәлелдеменің заң талаптарын сақтай отырып алынғанына мән беріледі. Дәлелдемелердің шынайылығы, ұсынылып отырған мәліметтің растығы да жан-жақты тексеріледі.

Дәлелдемелерге жеке-жеке назар аударылғанымен, негізгі тұжырым жинақтық бағалау бойынша жүргізіледі. Ал іс сапалы қаралып, әділ төрелік жасалуы үшін жиналған дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істің мән-жайын анықтауға жеткілікті болуы тиіс.

Құқықтық, зайырлы мемлекетте әрбір азаматтың құқығы мен бостандығының қорғалуына толық кепілдік берілген. Мұндай кепілдік еліміздің бас құжаты – Конституцияда айқындалған. Қылмыстық процесте адам құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы, Қылмыстық-процестік кодекстің 19-бабы кінәсіздік презумпциясын бекітеді: айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, ал дәлелдеу ауыртпалығы айыптау жағында. Бұл дәлелдемелерді бағалауға әсер етеді, соттан прокурор ұсынған материалдарға сыни қарауды талап етеді. Соған сай азаматтардың кінәсі толық дәлелденбейінше оны айыптауға, жауапқа тартуға заңдық тұрғыдан тыйым салынған. Осы ұстанымға орай заңды бұза отырып алынған дәлелдемелерді іс барысында пайдалануға жол берілмейді. Талапқа сай алынбаған дәлелдемелердің заңдық күші болмайды және оны айыптау тарапы негізге алмауы тиіс. Бұдан бөлек, заңмен қарастырылмаған көздерден алынған іс жүзіндегі деректер де дәлелдемелер ретінде танылмауы шарт.

Қылмыстық-процестік кодексте дәлелде-

мелерді алу, жинау, зерделеп, талдаудың негіздері көрсетілген. Дәлелдемеге куәгерлердің, күдіктілердің, айыпталушылардың айғақтары, сарапшылар мен мамандардың қорытындылары кіреді. Сондай-ақ заттай дәлелдемелер қатарына тергеу әрекеттерінің хаттамалары (тексеру, тінту, алу), электрондық ақпарат тасығыштарды қоса алғанда, өзге де құжаттар жатады.

Тергеу сатысында тергеуші мен анықтаушылар жазып, жинаған дәлелдемелерді сот жиынтықта қарайды. Егер онда қандай да бір қайшылықтар болса, оны зерделеп, қайсысы істің мән-жайын растайтынын немесе жоққа шығаратынын анықтайды. Сот өзі шығарған үкімде қандай дәлелдемелердің шешімнің негізін құрағанын және кейбір дәлелдемелердің не себепті қабылданып, ал басқаларының қандай негізде қабылданбағанын көрсетуге міндетті.

Бүгінгі таңда қылмыстық процесте цифрлық технологияларды, жасанды интеллект жетістіктерін кең қолдануға басымдық беріліп отыр. Ал цифрлық жолмен алынған дәлелдемелерді қабылдау, істегі маңызды дерек ретінде тануда бірқатар мәселе туындатуда. Бейнебақылау камераларындағы деректер немесе мессенджерлердегі хат-хабарлар сияқты электрондық дәлелдер олардың түпнұсқалығы мен тұтастығын тексеруді қоса алғанда, бағалаудың ерекше тәсілін қажет етеді. Осыған орай дәлелдемелерді алып, зерделеуге қатысты талаптардың сақталуын үнемі назардан тыс қалдырмау керек. Өйткені, әр істе тура төреліктің жасалуы сот жұмысының сапасын арттырады.

**Эльмира САДЫХОВА,**  
**Алматы облысы қылмыстық істер**  
**жөніндегі мамандандырылған**  
**ауданаралық сотының судьясы**

# КӘСІПТІК БІЛІМ — ТАБЫСТЫ МАМАН



*Мамандық — бұл әрбір адамның сүйіп, әрі қуана жасайтын ісі, оның ертеңгі болашағы. Әр адам мамандығын өзі таңдауы және оған құрметпен қарауы керек. Себебі, мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді.*

Бұл өмірде адамның тағдырын айқындайтын екі нәрсеге айрықша маңыз берген жөн. Соның бірі – өмірлік жолдасы, яғни, жары болса, екіншісі – мамандығы.

Жамбыл политехникалық жоғары колледжінде жоспарға сай оқыту кезінде айтылған мәселелерге қатысты іс-шаралар ата-аналар мен студенттерді қатыстыра отырып ұдайы жүргізіледі.

Өмірлік кәсібіңді таңдау - өте маңызды іс.

Өйткені, біз өзіміз таңдаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз. Осы мақсатта студенттерге бүгінгі күнгі сұранысқа ие мамандықтарды таңдауға, осы салада білім алу арқылы еліме қандай пайда тигізе аламын деген ой-пікірлерін ортаға салуға ұдайы мүмкіндік береді.

«Кәсіптік білім – табысты маман» тақырыбы аясында дөңгелек үстел, кеңес, сауалнама және сұранысқа керек мамандықтар жөнінде ақпараттар беріледі. «Неліктен мен осы мамандықты таңдадым?», «Мен елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?», «Оқу орнын бітіргеннен кейін қандай қызмет атқаратын боламын?» деген сияқта сауалдарға бейне-слайд, пікір-талас арқылы жұмыстар жүргізіліп, жауаптар алынды.

Әлемнің көзілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқанына барлығымыз куәміз. Бүгінде заманауи жаһандану дәуірінде сұраныстағы мамандықтар қатарында IT-маманы, сәулетші, құрылысшы, жерге орналастырушы, автомеханик, электротехника, радиотехника, менеджер және т.б. бар.

Осы мамандықтардың қыр-сыры туралы студенттерге ақпараттық кеңестер беріледі. Жақсы жұмыс тауып табысты болу, мансапқа жету әркімнің арманы. Осы себепті, болашақта сұранысы мол және ең қажетті мамандықтарды таңдаудан жаңылмаған абзал. Сонда ғана әрбір студент өмірден өз жолын тауып, ел болашағының дамуына өз үлесін қосарына сенімдіміз. Мамандығын жақсы көретін адам ғана нәтижелі жұмыс қорсете алады.

**Айдана КАДИРОВА,**  
**Жамбыл политехникалық жоғары**  
**колледжінің**  
**арнайы пән оқытушысы**

# ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЖҰМЫСЫ

*Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар үнемі жаңарып, мектептің әлеуметтік қызметінің маңызы артып келеді. Оқушылардың әлеуметтік мәселелері, отбасы институтындағы өзгерістер, психозмоционалдық қиындықтардың көбеюі, цифрлық тәуекелдердің (кибербуллинг, интернет-қауіптер, ақпараттық улану) артуы әлеуметтік педагог мамандығына деген сұранысты күшейтеді.*



Әлеуметтік педагог тек қолдаушы маман емес, ол – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз ететін сарапшы, медиатор, профилактикалық жұмыстың ұйымдастырушысы, отбасы-мектеп-қоғам арасындағы

байланысты біріктіретін негізгі буын. Осы мақалада қазіргі мектептегі әлеуметтік педагогтың рөлі, міндеттері және жаңа форматтағы жұмыс әдістерінің ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

## Әлеуметтік педагог қызметінің теориялық негіздері

Әлеуметтік педагогика – баланың әлеуметтік дамуын, әлеуметтенуін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық ғылым саласы. Оның негізгі қағидаттары:

Гуманистік бағыттылық – оқушы тұлғасының құндылығын тану, оның құқықтары мен еркіндігін қорғау.

Делдалдық функция – бала, ата-ана, мұғалім және әлеуметтік институттар арасын байланыстыру.

Жеке тұлғалық тәсіл – әр оқушының ерекшелігі мен жағдайын ескере отырып жұмыс жүргізу.

Әлеуметтік бейімдеу мен қолдау – баланың қоғамда толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау.

Алдын алу (профилактика) – проблемалардың туындауына жол бермеу.

Қазіргі мектепте әлеуметтік педагогтың кәсіби стандарты оның әлеуметтік-мәдени, құқықтық, психологиялық, коммуникативтік және цифрлық құзыреттіліктерін талап етеді.

### Мектептегі әлеуметтік педагогтың негізгі рөлі

1. Баланың құқықтарын қорғау және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Әлеуметтік педагог:

- оқушының құқық бұзушылықтан, кемсітуден, зорлық-зомбылықтан қорғалуын бақылайды;

- қиын өмірлік жағдайда қалған балаларды анықтайды;

- мемлекеттік органдармен бірлесе жұмыс жүргізеді (қорғау қызметі, жергілікті атқарушы органдар, медицина мекемелері).

2. Әлеуметтік диагностика жүргізу

Маман оқушылардың әлеуметтік жағдайын, бейімделу деңгейін, құрдастарымен қарым-қатынасын зерттеп, аналитикалық қорытынды жасайды.

Бұл диагностикада: анкеталар, бақылау,

социометрия, интервью және онлайн сауалнамалар пайдаланылады.

3. Мектеп пен отбасы арасындағы тиімді коммуникация орнату

Қиын жағдайдағы отбасылармен мақсатты жұмыс:

ата-анамен жеке кеңес,

отбасына бару (патронаж),

психологиялық-педагогикалық қолдау,

педагогикалық мәдениетті арттыру бойынша тренингтер ұйымдастыру.

4. Профилактикалық жұмыстарды үйлестіру

Әлеуметтік педагог мектептегі тәрбие жұмысының маңызды бөлігі ретінде төмендегі бағыттарда жұмыс атқарады:

буллинг пен кибербуллингтің алдын алу;

құқық бұзушылықтың, келеңсіз мінез-құлықтың алдын алу;

зиянды әдеттерге (темекі, алкоголь, интернет-тәуелділік) қарсы шаралар;

қауіп-қатер тобындағы балалармен жеке жұмыс.

5. Инклюзивті білім беру үдерісін қолдау

Әлеуметтік педагог арнайы педагогтар, психологтар және сынып жетекшісімен бірлесе отырып ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолайлы орта жасап, ата-анамен жұмыс жүргізеді, бейімдеу бағдарламасының орындалуына көмектеседі.

6. Оқушының жеке даму траекториясын қалыптастыруға қатысу

Әлеуметтік педагог баланың әлеуетін ашуға бағытталған әлеуметтік жобалар мен іс-шараларды ұйымдастырады.

### Жаңа форматтағы жұмыс әдістері

Цифрлық дәуір әлеуметтік педагог жұмысына жаңа құралдар енгізді. Жаңа форматтағы әдістер тиімділікті ерекше арттырады.

1. Онлайн консультация және цифрлық қолдау WhatsApp, Telegram, Zoom арқылы жедел кеңес беру, Google Forms арқылы

әлеуметтік диагностика, электронды күнделік арқылы ата-анамен байланыс.

Цифрлық қолдау оқушылардың мектептен тыс уақытта да көмек алуына мүмкіндік береді.

## 2. Медиативтік технологиялар

Медиация – қақтығысты шешудің тиімді тетігі. Әлеуметтік педагог медиатор ретінде:

оқушылар арасындағы,  
оқушы мен мұғалім арасындағы,  
ата-ана мен бала арасындағы дауларды бейбіт реттейді.

## 3. Case-management (жеке іс жүргізу) әдісі

Бұл әдіс арнайы қолдауды қажет ететін әр оқушы үшін жеке жоспар құруды қамтиды:

әлеуметтік жағдайын талдау,  
мақсат қою,  
ресурстарды анықтау,  
нәтижені бақылау.

## 4. Психологиялық және арт-терапиялық әдістер

сурет терапиясы, құм терапиясы, ертегі терапиясы, рөлдік ойындар, топтық тренингтер.

Бұл әдістер баланың ішкі қысымын жеңілдетіп, эмоционалдық тұрақтылығын дамытады.

## 5. Визуалды әлеуметтік карталар құру

Әлеуметтік педагог оқушының даму динамикасын бақылау үшін инфографика және визуалды карталарды қолданады.

## 6. Әлеуметтік желілер мен онлайн контент арқылы профилактика

Қауіпсіз интернет, буллингтің алдын алу, құқықтық мәдениет туралы бейнематериал-

дар, инфографика, пайдалы посттар оқушыларға түсінікті әрі қолжетімді.

## 7. Командалық (көпсалалы) жұмыс форматы

Мектеп психологы, сынып жетекші, арнайы педагог, логопед және ата-аналармен бірлескен жұмыс – жаңа форматтағы маңызды бағыт.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары:

цифрлық сауаттылықты дамыту;  
медиативтік білім алу;  
бұлтты сервистерді (Google Workspace, Microsoft Teams) пайдалану;  
ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу;  
тәжірибе алмасу, шеберлік сабақтары.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі мектептегі әлеуметтік педагог – білім беру жүйесінің маңызды стратегиялық тұлғаларының бірі. Ол оқушының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, оның құқықтарын қорғайтын, әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасайтын, цифрлық ортада бағдар беретін маман.

Жаңа форматтағы әдістерді қолдану әлеуметтік педагогтың жұмысын тиімді, заманауи, нәтижелі етеді. Сондықтан бұл мамандықтың кәсіби мәртебесін арттыру, әдістемелік қолдауды күшейту және инновациялық технологияларды енгізу – білім беру жүйесінің дамуы үшін қажетті шарт.

**Қаракөз ЖОРАЕВА,  
Көкқайнар ауылындағы орта  
мектептің әлеуметтік педагогі  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Г. Бөженова. «Әлеуметтік педагогика негіздері». – Алматы, 2020.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Әлеуметтік-педагогикалық қызмет стандарты. – 2022.

Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. «Педагогика». – Алматы, 2021.

У. Бронфенбреннер. «Развитие ребенка в контексте». – М., 2019.

UNESCO. Safe and Inclusive Schools Guidelines. – 2022.

UNICEF. Bullying and Cyberbullying Prevention Strategies. – 2023.

# ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:  
**75849**

Қазақстан Республикасының Мәдениет,  
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген  
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының  
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе  
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.  
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

## ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.2.2026 ж. жіберілді. Басуға 20.2.2026 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 2. Таралым 1237.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,  
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

## Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

## Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

## Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны рәсімдеу мәселелері бойынша:  
**8 (727) 292 29 27**

Жарнама мәселелері бойынша телефондар:  
**8 (727) 292 29 27, 292 29 92**

E-mail: [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

## Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления подписки и издания:  
**8 (727) 292 29 27**

Телефоны для рекламы:  
**8 (727) 292 29 27, 292 40 89**

E-mail: [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

### БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.  
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27  
тел.: 8 /727/ 251-78-31  
«Принт Плюс» ЖШС

### Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.  
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27  
тел.: 8 /727/ 251-78-31  
ТОО «Принт Плюс»